ЖЕҢІСТІ ЖҰРТЫ

№40 (8928)
жұма 7 қазан
2022 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

ҚАЗАҚСТАНДА БІРЫҢҒАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ КАДАСТРЫ ЕНГІЗІЛЕДІ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекеттік қала құрылысы кадастрын енгізу мәселесі қаралды.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаевтың хабарлауынша, автоматтандырылған жүйе цифрлық бас жоспарларды, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын, ғимараттар мен құрылыстардың орналасуы, инженерлік инфрақұрылым, көшежол желісі, сондай-ақ абаттандыру туралы деректерді жинауды, өңдеуді және сақтауды қамтамасыз етеді.

Қала құрылысы кадастрының тақырыптық деректер базасы, өңірдің экономикалық мамандануын, инфрақұрылымдық қамтамасыз етілуін, өңірде ұқсас объектілердің болуын және олардың жүктемелігін ескере отырып, инвестициялық жобаларды оңтайлы орналастыруды таңдауға, сондай-ақ әлеуметтік объектілердің цифрлық деректерінің болуы, тіршілік инфрақұрылымын базалық қамтамасыз етуді бағалауға мүмкіндік береді.

Қала құрылысы кадастры аясында объектінің бірегей нөмірін енгізу пысықталып жатыр. Бұл біріздендіру, жеке сәйкестендіру нөмірмен ұқсастығы бойынша сәулет-жоспарлау тапсырмасын беруді, бас жоспарларға сәйкес жүйеде эскиздік жобаны келісуді қамтамасыз етеді. Сондай-ақ құжаттардың нысаналы мақсатқа сәйкестігіне тұпкілікті тексеруді жүргізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, инфрақұрылымдық деректерді цифрландыру есебінен техникалық шарттарды алудың ашық процесі қалыптастырылады.

Премьер-Министр көпшілік ұдайы көтеретін қалалардағы бейберекет және тығыз құрылыс мәселесін шешу қажеттілігіне назар аударды.

Осы тақырып бойынша цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин, Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов және Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек баяндама жасады.

Премьер-Министр Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру аясында халық пен бизнеске жер учаскелері мен инженерлік схемалар туралы ашық ақпарат берілетінін атап өтті.

«Сол үшін бүкіл ел аумағы бойынша бірыңғай Қала құрылысы кадастры мен сараптамасы енгізіліп жатыр. Жер учаскелері мен инфрақұрылым желілерінің интерактивті картасы дайындалуда. Ол тұрғындар мен кәсіпорындарға инженерлік және коммуналдық нысандарға жедел қосылуға мүмкіндік береді», — деді Әлихан Смайылов.

Оның айтуынша, қала құрылысы сараптамасы қалалы жердегі бейберекет және сапасыз құрылыстарды тоқтатуға, қала тұрмысына қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

«Бұл шаралар құрылысты жобалау кезінде қаражатты барынша үнемдеуге және құрылыс талаптарын қатаң сақтауға мүмкіндік береді. Интерактивті карталарда бос жатқан жер учаскелері мен инфрақұрылым туралы соңғы мәліметтер болады», — деді Премьер-Министр.

Әлихан Смайылов 2023 жылдың соңына дейін Мемлекеттік қала құрылысы кадастрын толығымен енгізуді және автоматтандыруды, кадастрлық ақпараттық жүйелердің интеграциясын қамтамасыз етуді, сондай-ақ өңірлік желілерді инвентаризациялау үлесін жыл соңына дейін 75%-ға, ал 2024 жылға қарай 100%-ға дейін жеткізуді тапсырды.

primeminister.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

2022 жылғы 20 қараша
Қазақстан Республикасы Президентінің
кезектен тыс сайлауы

Сайлауға қатысуға конституциялық құқықты іске асырудың кепілі Сіздің сайлаушылар тізіміне енгізілуіңіз болып табылады.

Тізімдерді дауыс беруге арналған нақты учаскесінің аумағында тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркеу негізінде жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) жасайды. Тұрақты тіркеуі жоқ азаматтар тізімдерге олардың орналасқан жері бойынша әкімдіктерге берген өтінішінің негізінде енгізіледі.

Дауыс беру күні тіркелген жері бойынша сайлау учаскесіне келе алмайтын әрбір азамат дауыс беру күніне бір ай қалғанда, яғни 2022 жылғы 20 қазанынан кешіктірмей тиісті әкімдікке өтініш беріп, олардың нақты орналасқан жері бойынша сайлау учаскесінде тіркелуге құқылы.

Өтініш түскен кезде әкімдік азаматты тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды және оны дауыс беретін учаскенің тізіміне енгізуді ұйымдастырады.

Осы құқықты:

- дауыс беру күні тіркелген жері бойынша болмайтынын білетін азаматтар;
- басқа қаладан келген, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында оқитын, жатақханалардан тыс тұратын студенттер;
- вахталық әдіспен жұмыс істейтін азаматтар пайдалана алады.

Азамат сайлаушылардың бір ғана тізіміне енгізіле алады.

Сайлаушылар тізіміне тіркелген жеріңіз бойынша енгізілгеніңізді тиісті әкімдіктің сайты немесе Call-орталығы арқылы тексеруге болады.

2022 жылдың 4 қарашасынан бастап Сізге өз учаскеңіздегі сайлаушылар тізіміндегі деректеріңізді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Құрметті сайлаушылар!

Сіздерді құқықтық сауаттылық танытып, өзіңіздің сайлауға қатысуға конституциялық құқығыңызды іске асыруға шақырамыз!

Өзіңізді сайлаушылар тізіміне енгізу үшін қажетті заңдық маңызы бар әрекеттерді уақтылы қабылдаңыз!

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

ОБРАЩЕНИЕ ЦЕНТРАЛЬНОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

УВАЖАЕМЫЕ ИЗБИРАТЕЛИ!

20 ноября 2022 ГОДА
Внеочередные выборы
Президента Республики Казахстан

Гарантией реализации конституционного права на участие в выборах является включение Вас в список избирателей.

Списки составляются местными исполнительными органами (акиматами) на основании постоянной регистрации по месту жительства на территории конкретного участка для голосования. Граждане, не имеющие постоянной регистрации, включаются в списки на основании поданного заявления в акиматы по месту их нахождения.

Каждый гражданин, который не будет иметь возможность прибыть в день голосования на избирательный участок по месту своей регистрации, не позднее чем за месяц до дня голосования или 20 октября 2022 года, вправе подать заявление в соответствующий акимат и зарегистрироваться на избирательном участке по месту своего фактического нахождения.

При поступлении обращения акимат организует исключение гражданина из списка избирателей по месту регистрации и включение его в список того участка, на котором он будет голосовать.

Воспользоваться данным правом могут:

- граждане, которым известно, что в день голосования они не будут находиться по месту регистрации;
- иногородние студенты, обучающиеся в средних специальных и высших учебных заведениях, проживающие вне общежитий;
- граждане, работающие вахтовым методом.

Гражданин может быть включен только в один список избирателей.

Проверить включение себя в список избирателей по месту регистрации можно через сайт или Call-центр соответствующего акимата.

С 4 ноября 2022 года Вам будет предоставлена возможность проверить данные о себе в списке избирателей на своем участке.

Уважаемые избиратели!

Призываем проявить правовую грамотность и реализовать свое конституционное право на участие в выборах!

Своевременно примите необходимые юридически значимые действия по включению себя в список избирателей!

ВАЖЕН ГОЛОС КАЖДОГО!

ҰСТАЗ – ҰЛЫ ЕСІМ

Ағымдағы жылдың 30 қыркүйек күні Ескелді ауданы бойынша білім бөлімінің ұйымдастыруымен аудандық мәдениет үйінде «Ұстаз – ұлы есім» атты тақырыпта мұғалімдер күніне арналған салтанатты іс-шара өткізілді. Мерекелік іс-шараның өтуі ZOOM платформасы арқылы және білім бөлімінің фейсбук парақшасында тікелей эфирі таратылып, ауданның барлық білім беру мекемелерінің қызметкерлері онлайн түрде тамашалай алды. Салтанатты іс-шара Бақтыбай Жолбарысұлы АОМ ұлдарынан құралған хордың орындауындағы әнмен ашылды. «Күншуақ» балабақшасының бүлдіршіндері би билеп, қонақтардың көңілін көтерді. Аудан әкімінің орынбасары А.Исабеков және аудандық мәслихатының хатшысы Қ.Сатанов ұстаздарды мерекемен құттықтап, марапаттау рәсімін жүргізді.

Мерекелік іс-шара барысында ауданның білім саласына еңбегін сіңірген бірқатар ұстаздар Оқу-ағарту министрінің Алғыс хаттарымен, облыстық білім басқармасы басшының Құрмет грамоталарымен, республикалық кәсіподақ ұйымының төс белгісімен, аудан әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталды.

Облыстық «Жетісу ұстазы» байқауының жеңімпазы Алдабергенов АОМ мұғалімі Е.Степаненко және облыстық «Ұстаздар әулеті» байқауының «Ұстаздықты ұлық тұтқан әулиет» номинациясын иеленген Алдабергенов атындағы орта мектебінің Шумаковтар әулеті ақшалай сертификаттарымен марапатталды.

Аудан мектептері арасында «Ең үздік білім бөлімінің логотипі» байқауының жеңімпазы Шестаков АОМ мұғалімі Э.Жумагулова ақшалай сертификатымен марапатталды.

Аудан бойынша өткізілген 3 кабинет конкурсының қорытындысы бойынша ақшалай сертификаттарымен марапатталды:

1. қазақ тілінің үздік кабинеті - Балпық би АОМ мұғалімі Д.Қизатаеваның кабинеті
2. математиканың үздік кабинеті - Рүстембеков АОМ мұғалімі М.Байбатчаеваның кабинеті
3. бастауыш сыныптардың үздік кабинеті - Абай АОМ мұғалімі Ж.Сейдуалиеваның кабинеті.

Сонымен қатар, 2021-2022 оқу жылының ҰБТ қорытындысы нәтижесінде жүлделі І орынды иеленгені үшін Рүстембеков АОМ үй кинотеатрына сертификатпен және оқу жылы бойы оқушыларды дайындаған мектептің ұстаздары ақшалай сертификаттармен марапатталды.

2021-2022 оқу жылының рейтинг қорытындысы нәтижесінде келесі білім беру мекемелері жүлделі орындарға иеленіп, ақшалай сертификаттармен марапатталды:

- балабақшалар арасында:
І орын – «Айкүн» б/б;
ІІ орын – «Балдырған» б/б;
ІІІ орын – «Айгөлек» б/б,

- бастауыш мектептер арасында:
І орын – Ақешкі БМ;
ІІ орын – Екпінді БМ;

- негізгі орта мектептер арасында:
І орын – Жастар НОМ;
ІІ орын – Мичурин АНОМ;

- орта мектептер арасында:
І орын - Алдабергенов АОМ,
ІІ орынды - Жақыпбаев АОМ,
ІІІ орынды - Титов АОМ.

Іс-шара соңында келген қонақтарға арнайы дайындалған концерттік бағдарлама ұсынылды.

Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі

ҚАРИЯСЫ БАР АУЫЛ- ҚАЗЫНАСЫ БАР АУЫЛ

1990 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен 1 қазан «Халықаралық қарттар күні» деп жарияланды. Ең алғаш Қарттар күні Еуропада, кейін Америкада тойланған. 1980 жылдың аяғынан бері бүкіл әлемде аталып өтілуде.

Атам қазақ «Алпысқа келгеннен ақыл сұра» деген даналықты ежелден ұстанып, жасы келген адамдарды ақылдың кеніші, барлық істің кезін білетін тәжірибесі мол жандар деп, оларға құрметпен қараған. «Қариясы бар ауыл-қазынасы бар ауыл» деген нақылдың осындай пайымнан туғаны анық. Қарттар күнін атап өтудегі басты мақсат-жалғызбасты қарттарға және мүмкіндігі шектеулі жандарға көңіл бөлу. Әлеуметтік-тұрмыстық және басқа да көмек түрлерін көрсету болып табылады. «Жалғыз басты қарттар мен мүгедектерге үйде әлеуметтік қызмет көрсету» бөлімшесінің есебінде тұрған 66 қартқа оның ішінде 3 мүмкіндігі шектеулі жанға, қайырымдылық көмек көрсетіліп, 264 мың теңгеге азық-түлік себеттері таратылды.

«Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ, «Жақсылық жасауға асығайық!» акциясына ат салысып демеушілік көрсеткен: «Қазақстан», «Мега», «Оптомаркет», «Овация», «Оптовочка», «Достар», «Болашақ», «Люкс», «И снова Здравствуйте», «Каратал», «Малика», «Ақ жол», ИП Бозаева дүкендері және жеке кәсіпкерлер Касабекова және Шуленбаеваға алғыс білдіреміз. Дендеріңізге саулық, әуеттеріңізге амандық, отбасыларыныызға бақ-береке тілейміз!

А.БЕЙСБАЕВ,
«Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ЖАЗ ОЙЛА!

1-қазан күні «Қыстың қамын жаз ойла!» атты мерекелік іс-шара өтті. Аталмыш шара Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «мүмкіндігі шектеулі балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсету» бөлімшесінің әлеуметтік қызметкерлері ұйымдастырды. Мақсаты, Халықаралық қарттар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қолдау. Олардың бос уақытын тиімді өткізу.

Алтын күздің әдемілігі мен әсерлігін көрсету. Шара барысында әртүрлі ертегілерден сахналық қойылымдар қойылып, әндер шырқалды. Келген қонақтар мен балалардың қуанышында шек жоқ. Мерекелік бағдарламадан соң, балаларға арнап дастархан жайылды. Бөлім басшысы Бейсбаев Асхат Қалымжанұлы келген ата-аналар мен балаларды күз мерекесімен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

А.БЕЙСБАЕВ,
«Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы

Ескелді ауданы әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы комиссиясы отырысының

Ескелді ауданы әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы комиссияның (бұдан әрі - ТҚК) 2022 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес ағымдағы жылдың қазан айының 3-де аудан әкімінің төрағалығымен ТҚК отырысы өтті.

Отырысқа ауданның мекеме басшылары, комиссия мүшелері, ауыл әкімдері шақырылды.

Отырыс барысында үш мәселе қаралды. Отырыс қорытындысы бойынша мемлекеттік органдарға тиісті тапсырма берілді.

Ескелді ауданы әкімдігі жанындағы ТҚК аппараты

Заседания антитеррористической комиссии при акимате Ескельдинского района

В соответствии с планом работы на 2022 год Антитеррористической комиссии при акимате Ескельдинского района (далее - АТК) 3 октября текущего года под председательством акима района состоялось заседание АТК.

На заседание были приглашены руководители учреждений района, члены комиссии, акимы сельских округов.

В ходе заседания были рассмотрены три вопроса. По итогам заседания государственным органам даны соответствующие поручения.

Аппарат АТК при акимате Ескельдинского района

ҚАЗАҚТЫҢ БАТЫР ҚЫЗЫ МӘНШҮК МАМЕТОВАҒА 100 ЖЫЛ, АУЫЛ МЕКТЕБІНЕ 90 ЖЫЛ!

Ескелді ауданы Шымыр ауылында Қазақтың батыр қызы Мәншүк Маметованың 100 жылдық мерей тойы тойланды. Биылғы жылы сол ауылдық мектептің құрылғанына 90 жыл болса, батыр қыздың атымен аталғанына 60 жыл.

«Мен - Мәншүкпін, солдатымын майданның» атты салтанатты шараның басты мақсаты, аты аңызға айналып, ерлік ісі барша ұлтты таң қалдырып, есімі тарих беттерінде алтын әріппен өрнектелген ерліктің мәңгі алауын жаққан қазақтың қызы Мәншүк Маметованың жарқын өмірі және Ұлы Отан соғысындағы ерлік істерін ұрпаққа үлгі, өнеге ету.

Кеңес Одағының Батыры туралы жан-жақты мәлімет бере отырып, оқушыларды ерлікке, елін, жерін сүюге тәрбиелеу. Мектептің 90 жылдық тарихынан сыр шерту. Батыр қыздың есімімен аталуының қадір-қасиетін ұғындыру. Салтанатты жиын ескерткішке гүл шоғын қойып, соғыс ардагерлерін 1 минуттық үнсіздікпен еске алудан бастады.

Келесі кезекте халық назарына Мәншүк Маметованың жүріп өткен жолынан үзінді мен концерттық бағдарлама ұсынылды. Сонымен қатар «Қазақтың батыр қызы-Мәншүк Маметова» атты сурет байқауы, «Қазақтың қаһарман қызы» тақырыбында кітап көрмесі, «Мәншүк - халқымыздың батыр қызы» әскери-спорттық спартакиадасы, «Қазақтан шыққан әйгілі пулеметші», «Қазақтың қайсар қызы» тақырыбында ашық тәрбие сабақтары болды.

«Ерлік ешқашан ұмытылмайды» атты патриоттық әндер байкауы ұйымдастырылып, жеңімпаздар жүлделі және алхыс хаттармен марапатталды. Аталмыш шараға аудандық маслихат хатшысы Қ.Сатанов, білім бөлімінің сектор меңгерушісі Ш.Жақанова, мектеп директорлары, ардагер ұстаздар қатысты.

Р.Б.МЕЙРБЕКОВА,
М.Маметова атындағы орта мектебінің директоры, аудандық мәслихат депутаты

«ҚАРТТАРЫМ, БЕРЕКЕМСІҢ ТҰНЫП ТҰРҒАН» АТТЫ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУ КЕШІ

Игілік пен ізгіліктің, адамгершілік пен қарапайымдылықтың үлгісін танытқан ардагерлеріміз қандай құрметке болсын лайық. Осы орайда қарттар күні аясында 3 қазан күні аудандық мәдениет үйінде «Қарттарым, берекемсің тұнып тұрған» атты мәдениет саласының ардагерлерімен кездесу кеш өтті.

Кеште ақылдың кенін арқалаған, адамгершілік пен қарапайымдылықты бойына сіңіре білген ардагерлерімізге мерекелік құттықтаулар мен жылы лебіздер айтылып, жүріп өткен жолдарынан бейнежазба көрсетіліп, мерекелік концерттік бағдарлама ұсынылды. Тамылжыған әндердің әуеніне дем алған ардагерлеріміз шексіз ризашылықтарын білдірді. Кеш соңында қарттар құрметіне арналып мерекелік дастархан жайылды.

А.КОМЕКОВА,
Аудандық мәдениет үйінің әдіскері

«ҚАРТТАРЫМ-АСЫЛ ҚАЗЫНАМ» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КОНЦЕРТІ

Ел мүддесін бәрінен биік қоятын, өзінен кейінгі ұрпаққа ізеттігін аямайтын қарттарымыздың орны біз үшін ерекше. Халықаралық қарттар күні аясында сөзі берекелі, ісі тыңғылықты, ойы терең ауыл қарттарына құрмет көрсету біздің басты борышымыз.

Осы орайда жылдағы дәстүр бойынша аудандық, ауылдық мәдениет қызметкерлерінен құрылған кестеге сай қарттарға рухани демеу көрсету, көтеріңкі көңіл-күй сыйлау мақсатында «Қарттарым-асыл қазынам» атты концерттік бағдарламасымен Текелі қаласындағы қарттар үйінде болып қайтты. Мерекелік бағдарламада ауданның дәстүрлі, эстрада әншілері тақырыпқа сай тамылжыған әндер орындап, қарттарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Осындай игі шаралар Қаратал, Көкжазық, Қайнарлы, Жетісу, Бақтыбай, Алдабергенов, Ақын Сара ауылдық елдімекендерінде жалғасын тапты.

А.КОМЕКОВА,
Аудандық мәдениет үйінің әдіскері

ОСТАНОВИМ КОРРУПЦИЮ ВМЕСТЕ!

Одним из главных направлений государственной политики Республики Казахстан является борьба с коррупцией.

Президент Республики Казахстана Касым-жомарт Токаев, говоря о борьбе с коррупцией, неоднократно подчеркивал, что без участия общества нельзя победить коррупцию и для Казахстана преодоление коррупции является одним из главных направлений государственной политики, приоритетность которого четко обозначена главой государства.

В связи с этим в Ескельдинском районе совместно с ГУ «Отдел внутренней политики, культуры, развития языков и спорта Ескельдинского района» и ГУ «Отдел образования по Ескельдинскому району Управления Образования области Жетісу» стартовал проект: «Организация и проведение мероприятий, в целях повышения правовой культуры среди населения и молодежи Ескельдинского района, профилактики коррупции и правонарушений в обществе, формирования «нулевой» терпимости к правонарушениям». Проект реализует Общественное Объединение «Амелия».

Цель проекта: всестороннее разъяснение фундаментальных направлений Концепции антикоррупционной политики Республики Казахстан на 2022-2026 годы, повышение правосознания и правовой культуры граждан Ескельдинского района, формирование у населения принципа «нулевой терпимости» к проявлениям бытовой коррупции и правонарушениям.

В рамках проекта планируется организовать и провести мероприятия с участием не менее 500 человек среди учащихся, студентов, сельских жителей, представителей государственных учреждений и СМИ.

В ходе проекта будут организованы и проведены различные мероприятия: круглые столы, семинары, дебаты, флешмобы, конкурсы рисунков и др.

Также был проведен круглый стол со специалистами администраций школ Ескельдинского района, на котором обсудили организационные вопросы по проекту, рассказали о целях, задачах и ожидаемых результатах.

Юлия ЕГОРОВА

ОҚУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асыру Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартында айқындалған міндеттерді орындауды талап етеді.

Бағдарламаның мақсаты: балалардың жас ерекшеліктері мен жеке

мүмкіндіктеріне, қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес білім, білік және

дағдыларын қалыптастыру, рухани-адамгершілік құндылықтарын,

«Мәңгілік ел»жалпы ұлттық идеясына негізделген сәйкес жалпы адамзаттық құндылықтарды, патриотизм мен төзімділікті тәрбиелеу.

Міндеттері:

— баланың өмірін қорғау және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құру;

— балалардың дене, зияткерлік, адамгершілік, эстетикалық, коммуникативтік

дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру;

— әр жас топтарында бағдарлама материалының мазмұнын игеру бойынша

мониторингті ұйымдастыру;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы:

— мектепке дейінгі жастағы балалардың денесін және психологиялық саулығын нығайтуға,оларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулуға;

— баланы тұлғалық және әлеуметтік, зияткерлік дамытуда тәрбие мен оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын қолдануға;

— балаларды тәрбиелеу мен оқытудың тәрбиелік, дамытушылық, оқыту

міндеттерінің бірлігін қамтамасыз етуге;

Бағдарлама балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» бес білім беру саласы және білім беру салаларының мазмұнын кіріктіру арқылы іске асырылады.

Бағдарлама мазмұнын іске асыру жас ерекшелігі психологиясы мен мектепке дейінгі педагогика және білім беру салаларын кіріктіру негізінде жүзеге асырылады. Барлық білім беру салалары бір-бірімен байланысты: бала оқи отырып таниды; тани отырып не білгені туралы айтады; зерттеу және пайымдау барысында құрбыларымен бірлесіп әрекет етеді. Осылай білім беру салаларының өзара кірігуі және өзара байланысы балада қоршаған ортаның тұтас бейнесін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыру және балаларды мектепке

дейінгі ұйымдарда сапалы тәрбие мен және оқытумен қамтамасыз ету

үшін келесі ұстанымдар және тәсілдер қарастырылуы қажет:

— тәрбие мен оқытудың барлық қатысушылары — педагогтар, психологтар, ата-аналар мен баланың тұлғасын қалыптастыру мен оның қабілеттерін дамытуда кешенді тәсіл;

— балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оларды дамыту да әрекеттік тәсіл;

— баланың дамуы мен мектепке дейінгі ұйымның қызметінің деңгейлеріне (мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына мониторинг

жүргізу үшін автоматтандыру жүйесі)

мониторинг жүргізуде инновациялық тәсіл;

— тәрбие мен оқыту мазмұны мен әдістерінің

бірлігі, сабақтастығы, үздіксіздігі;

Білім беру процесін іске асырудың инновациялық тәсілі мақсатында балалардың шығармашылық және интелектуалдық қабілеттерін арттыратын, эмоционалды-күштік саласын дамытатын, баланың танымдық қабілеттерін белсендіретін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа, заманауи технологиялары мен әдістері енгізіледі.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мазмұны мектеп жасына дейінгі балаларға арналған үйретуші және дамытушы бағдарламалардан тұратын ресурстары бар интерактивтік жабдықтан тұрады.

Аталған технологиялар электронды контент ресурстары мен дидактикалық

үлестірме материалдарды үйлестіреді, бұл логиканың, ойлаудың, сенсорлық

қабілеттердің дамуына мүмкіндік береді.

Инновациялық технологиялардың ерекшеліктері бір уақыттағы әрекет барысында бірнеше әрекеттің қатар жүргізілуінен тұрады:

— мәтінді кәсіби дикторлардың айтуы;

— мультимедиялық анимациялық материалдарды көрсету;

— балалардың білім беру әрекетіне қатысуында.

Жаңа технологияларды,идеялар мен көзқарастарды пайдалана отырып білім мен бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу, әр педагог өзінің білімін жетілдіріп,іздену қажет.

Халықта «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме,өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақалды айта келе,баабақшамыздың барша педагогтары бала санасына ұлттық салт дәстүрді дәріптеуде. Жас ұрпаққа сапалы білім мен ұлағатты тәрбие беру,өміріне жолдама алуына барлық жағдай жасаудың маңызы зор.

Педагогтердің мектепке дейінгі білім беруде жаңа технологияларды игеру-бала тұлғаның табысты дамуының кепілі.

Жаңартылған Стандарт негізінде мектепке дейінгі білім беру саласындағы ғылым мен практиканың жетістіктері, отандық және шетелдік тәжірибелер ескеріліп, «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» үш білім беру бағдарламаларының орнына Бағдарлама әзірленді.

Әдістемелік-нұсқаулық хат жаңартылған мазмұнды іске асырудың негізгі бағыттарын, мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін ұйымдастырудың әдістемелік тәсілдерін, Стандарт талаптарына сәйкес балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін жағдайлар жасауды, мектепке дейінгі ұйымдар қызметкерлерінің қызметін ұйымдастыруды, тәрбиешілердің педагогикалық шеберліктерін арттырудың негізгі тәсілдерін қарастырады.

Балабақшадағы инновацияға не жатады?

Инновациялық іс — әрекеттің үш кезеңін атап көрсетуге болады.

Бірінші кезеңде педагог жаңалықтың қажеттілігін дәлелдеу арқылы жаңалық туралы ақпарат жинайды, одан кейін әртүрлі жаңалықтың ішінен қажетті жаңалықты таңдап алып, оны қолдану туралы шешім қабылдайды.

Тәрбиеші инновациялық іс-әрекеттің екінші кезеңіне көшеді, яғни іске асыру кезеңдерін зерттеп, енгізу жоспарын құрып, жаңалықты қолданады.

Бұл кезеңде педагог оқу–тәрбие процесіне, жаңалықты енгізуіне кедергі жасап отырған факторларды ескере отырып, өзгерістер енгізеді, жаңалықты уақыты мерзіміне байланысты жұмыстарды өткізеді.

Жаңалықты енгізу уақыты аяқталғаннан кейін инновациялық іс- әрекет үшінші кезеңіне өтеді. Бұл кезеңде тәрбиеші жаңашыл тұрғыда ұйымдастырылған оқу-тәрбие жұмысының нәтижесін көтеруге жасаған ықпалын анықтайды, жаңалықтың оқу — тәрбие жұмысына нәтижелі енгізу шарттарын белгілеп, оны таратуға ұсынады. Оқытудың инновациялық жүйесі білім, оқыту процесінде жаңа технологияларды пайдалана білу іскерлігі қалыптасуы керек.

Мектепке дейінгі ұйымның заманауи педагогі келесі талаптарға жауап беруі қажет: рухани, кәсіби, жалпы мәдени

және денесін жетілдіруге ұмтылған, ішкі дүниесі бай, үйлесімді дамыған, тұлға.

Педагог Бағдарламада анықталған міндеттерді жемісті іске асыру үшін балаларды оқыту мен тәрбиелеудің барынша тиімді құралдары мен технологияларын қолдануы және игеруі қажет. Осы мақсатта ол үнемі өзінің кәсіби шеберлігін арттыруы, білімін көтерумен айналысуы қажет.

Ж.Н.ЕЛЬЧИБЕКОВА,
«Қарлығаш» балалар бақшасы
Тәрбиеші

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

“Сыбайлас-жемқорлық” деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны “параға сатып алу”, “пара” ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «corrumpire» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда “сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу” деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас-жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

ҚР “Сыбайлас-жемқорлықпен күрес туралы” Заңы сыбайлас-жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол: “... мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ соларға теңелген адамдар, тікелей өзі немесе делдал арқылы өздерінің лауазымды құзыреттерін және оны-мен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүліктік жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу”.

Сыбайлас-жемқорлықпен күрестің негізгі қағидаларын сақтау және жүзеге асыру сыбайлас-жемқорлықпен күресте өте маңызды. Бұл қағиданың сақталуының кепілі азаматтардың өздерінің белсенділігі болып табылады, сыбайлас-жемқорлық үдерістерді бұқаралық ақпараттық құралда (одан әрі БАҚ) жариялау, бұқара өкілдерінің сот үдерістерінде болуы; өтініштерді прокуратураға, экономикалық және сыбайлас-жемқорлық қылмыспен күрес жөніндегі Агенттікке және басқа құқық қорғау органдарына беру.

Сыбайлас-жемқорлық әсіресе мемлекеттік билік органдарында қауіпті. Мұндай жағдайда ол биліктің монополиясын, мемлекеттік қызметшілердің шешім қабылдау өкіліеттігін күшейтеді және шенеуніктердің қатал құқықтық есеп беруін және бақылауда болуын жою симбиозын көрсетіп-білдіреді. Практика көрсеткендей, сыбайлас-жемқорлық мемлекеттік жүйенің барлығын бұзады, мемлекеттік билік беделінің және мемлекеттік қызмет абыройының құлдырауына ықпал етеді. Сыбайлас-жемқорлық экономиканың дамуына кедергі жасайды және ұйымдастырылған қылмыстың, әсіресе экономика саласында, өсуіне ықпал жасайды.Сыбайлас-жемқорлық құқық бұзушылықты анықтау, болдырмау, алдын алу және өз құзыреті шеңберінде оларды жасаған адамдарды жауапқа тарту прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, салық, кеден және шекара қызметі, қаржы және әскери полиция органдарымен жүзеге асырылады. Аталмыш органдардың лауазымды адамдары заңнама белгілеген мерзімде іс, материал, хаттама жіберген адамға немесе органға жазбаша сыбайлас-жемқорлық қылмыс, әкімшілік құқық бұзушылық туралы көрсетіп-білдіру жіберуге, оларды қарағанның нәтижелеру туралы хабарлауға тиіс.

1998 жылғы 2 шілдеде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды да, лексикалық қорымызға «сыбайлас жемқорлық» (коррупция) деген сөз тіркесі енді. Бұл қазір бұқаралық ақпарат құралдарынан түспейтін болды.

Сыбайлас жемқорлық -мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы жәнеадамгершілік міндеті деп білуге керек. Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. Ал шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар. Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол-сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізуолардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуінежәне орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат-қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас-жемқорлық- бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян болатындығы бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздігіне үлкен кесірін тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екендігі айқын. Сыбайлас жемқорлық- заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің дас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың заң мен әдідікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керк. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абыройсыздық ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазіргі таңда қоғамымызға қауір төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбі азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

Г.К.СЕКЕНОВА,
«Балапан» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі

ЕСКЕЛДІЛІКТЕРГЕ КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ БАҒЫТЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

27 қыркүйек күні Ескелді ауданы Қарабұлақ кентінде «Аманат» партиясының аудандық филиалында «Демеу» мүгедектерді қолдау орталығындағы мүгедектігі бар азаматтар, әлеуметтік осал топтағы азаматтар, ҮЕҰ және басқа да санаттағы ескелділіктермен кездесу семинары өтті.

Шараға «Демеу» мүгедектердің қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ұзақбаев Ахат Сатыбалдыұлы мүгедектігі бар азаматтар, тұрғындар, қатысып, пайдалы ақпараттарын алды. «Yerkin» өнер академиясы» ЖҚБ үйлестірушісі, әрі «Тең қоғам» мүгедектерді қолдау орталығының офис менеджері Ғазиз Аманжолұлы шараны ашып жүргізіп, Жетісу облысының «Атамекен» ҰҚП адами капитал дамыту бөлімінің сарапшысы Астаубаев Айдын Амангелдіұлы қатысушыларға мемлекет тарапынан беріліп жатқан қайтарымсыз грант қағидалары, палата тарапынан қаржылай емес қолдау түрлері жайында, өз жобаңды жазып, оның іске асыру жолдары, «Әлеуметтік кәсіпкерлік» бағдарламасы туралы түсіндіріп өтті.

Шара жалғасы сұрақ-жауап алмасумен өтіп, қатысушылар тарапынын түрлі ұсыныстар білдіріп, өтінштері назарға алынды. Аталған бағыттағы шаралар тұрғындарға өте қажет екендігін атап өткен қатысушылар, ақпараттық-түсіндірмелі бағыттағы жұмыстар үнемі жүргізіліп, ауыл-ауылдарға дейін қамтылса деген ойларын білдірді.

ҰСТАЗ – ҰЛЫ ЕСІМІ

Дүниедегі мамандық атаулының төресі– ұстаздық. Әсілі, мұғалім барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін мейірімді абзал жандар. «Мұғалім мамандығы барлық мамандықтың анасы» демекші, ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ секілді Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып терін төккен шопан да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім алған. Сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді.

«Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, өзгенің уақытын аялау» - деп француз ойшылы Жан Жак Руссо айтпақшы, ұстаздардың еңбегі ерен.

Тарихы терең , келешегі кемел - Көксу ауылшаруашылық колледжіне биыл 146 жыл толады. Кәсіптік және техникалық білім беру жүйесінің басты міндеті -ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, жан- жақты қалыптасқан жеке тұлғаны дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау. Осы уақытқа дейін коледжімізді әр түрлі мамандықтар бойынша білімгерлер оқып аяқтады. Олардың көбі республикамыздың түкпір -түкпірінде әр түрлі салада еңбек етіп жүр. Біз оларды мақтан тұтамыз. Колледж бүгінгіні бағамдайтын ертеңін еңселі етіп, өткенін жаңғыртатын маман дайындауда деп нық сеніммен айтуға болады. Бір ғана себеп – тәрбиелі, білімді ұстаздың ұқтырар ұлағатының ұшан теңіз молдылығына. Ел ертеңі – білімді ұрпақ. Демек, ертеңгі күннің еңсесін биіктетіп, болашағын бағдарлайтын киелі шаңырқтың өрен ұлдары мен қыздарынан көп үміт күтуге болады.Ұстаз еңбегінің мәні мен сәні – ол ту еткен шәкірттерге байланысты. Егер олар өмір мұхитынан өзіне орын тауып, халқына, Отанына адал азамат болса, ұстаз да бұтағы көп,жапырағы қалың, көлеңкесі мол бәйтерек тәрізді сәнденіп, гүлдене бермек. Білікті басшы Қарасаев Мәлік Әбілмәжінұлының басқаруындағы колледж ұжымы бүгінгі таңда білімгерлерге сапалы білім, саналы тәрбие беру жолында аянбай еңбек етуде. «Жас маман» жобасы шеңберінде колледж 2021 жылы іріктуден өтіп, республикалық жобаға қатысушылар тізіміне енген облыс колледждерінің бірі болды. «Жас маман» жобасын іске асырудың арқасында колледж еңбек нарығында жоғары білікті және сұранысқа ие мамандарды даярлауға мүмкіндік алып отыр. «Жас маман» жобасы -бұл колледждің материалды--техникалық базасын жақсарту мен кеңейтудің бұрын соңғы болмаған жетістігі. «Жас маман» жобасы аясында колледжіміз өңірдегі сұранысқа ие 0902000 «Электрмен қамтамасыз ету» (салалары бойынша және 1201000 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандықтары бойынша материалды техникалық базасын кеңейтіп, оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің қазіргі талапқа сай маман дайындау мүмкіндігіне ие болып отыр. Заманауи қондырғылар мен стендтер жаңа технологиялық

құзіреттілікті, сыни тұрғыдан ойлауды дамытып, білім алушыларға мотивациялық интербелсенді ортасын тиімді қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Колледж оқытушысы Албакова Камчат Садырбайқызы Республикалық Гранд -турнирине білім алушыларды дайындап, шәкірттері Мельников Олег, Парков Илья, Федорова Екатерина 1-орынды иеленді. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері арасындағы ауылшаруашылығы саласы бойынша кәсіби шеберліктің Республикалық конкурсында 3 орын иесі Джунисова Бейбитгул Авганбайқызы. «Жас электрик» атты Қалалық білім алушыларының арасында өткен байқауында женімпазды дайындағаны ұшын Шомакова Жазира Жомартқызы шәкірттері 1 орын Слабодин Вадим, 2 орын Гапеев Дмитрий. World skills Kazakstan Taldykoqan чемпионатына дайындық аясында «Электромонтаж» құзіреттілігі бойынша Қуандық Бақберді Жалғасбекұл шәкірті Сембаев Нариман 1 орынға ие болды. Жас ұрпаққа сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беріп жүрген білім ошағының барлық оқытушыларын жылына бір келетін мұғалімдер күні мерекесімен құттықтаймыз. Қоғам мен адамзат алдындағы өлшеусіз еңбектеріңізді ескере отырып, сіздерге өскелең ұрпақ тәрбиелеу жолындағы өрелі жұмыстарыңызбен мемлекеттің гүлденуі жолындағы абыройлы істеріңізге толымды табыс тілейміз

Көксу ауылшаруашылық колледжінің кітапханасы

АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ 29 ҚЫРКҮЙЕК КҮНІ «AMANAT» ПАРТИЯСЫ ЕСКЕЛДІ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ XXXIII КЕЗЕКТЕН ТЫС КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТТІ

Күн тәртібінде, «AMANAT» партиясының Саяси тұғырнамасының жобасын талқыланып, «AMANAT» партиясы Жетісу аймақтық филиалының конференциясына делегаттар сайланды.

«AMANAT» партиясының жаңа Саяси тұғырнамасы ағымдағы жылдың наурыз айында басталған толық ауқымды партиялық трансформацияның бір бөлігі болып табылады.

Тұғырнамада Қазақстанның басты қоғамдық күшінің болашаққа деген көзқарасы, даму бағдарлары, ұстанымдары мен саяси мақсаттары қамтылған.

Тұғырнама елімізде болып жатқан өзгерістерге «AMANAT» партиясының жауабы ретіндегі негізгі идеологиялық құжат.

Саяси тұғырнама партия мүшелері, депутаттар, сарапшылар, ғылыми және шығармашылық зиялы қауым өкілдері, азаматтық белсенділер қатысып бірлесе талқылаған пікірталастың нәтижесінде пайда болды.

Құжатты әзірлеу үшін арнайы жұмыс тобы құрылды. Партияның жаңа Саяси тұғырнамасының жобасын талқылау жөніндегі жұмыс тобының отырыстары республикалық және өңірлік деңгейде Астана қаласында партия Төрағасы Е.Ж. Қошановтың жетекшілігімен, сондай-ақ Алматы қаласында сарапшылық отырыста талқыланды.

Барлық өңірлерден ұсыныстар жинау және әлеуметтік сауалнама жүргізу арқылы әр партия мүшесіне құжатқа қатысты өз пікірін айтуға мүмкіндік берілді.

Әлеуметтік сауалнамаға 17 облыс пен Астана, Алматы, Шымкент қалаларыннан 18 және одан жоғары жастағы 42 859 партия мүшесі қатысты. Партия мүшелері 1 000-нан астам бастама жолдады.

Жаңа Саяси тұғырнаманың негізгі ерекшеліктері:

Біріншіден, құжатты әзірлеу және жазу алғаш рет толығымен қазақ тілінде жүргізілді;

Екіншіден, тұғырнама Адам – Қоғам – Мемлекет қағидасы бойынша құрылған, мұнда әрбір азаматтың әл-ауқаты басты назарға алынған;

Үшіншіден, әзірлеу және талқылау қатардағы партия мүшесінен бастап партияның орталық аппаратына дейінгі барлық деңгейде жүргізілді;

Төртіншіден, нақты мәселелі сұрақтар және оларды шешу жолдары қарастырылған;

Бесіншіден, халқымыздың көрнекті тарихи тұлғалары мен зиялы қауым өкілдерінің ой-пікірлері мен көзқарастары көрініс тапқан.

Тәуелсіздік – баға жетпес байлық, оны біз көздің қарашығындай сақтап, қорғауымыз керек деген тезис тұғырнамада басты орынға қойылған.

Мадина ОРАЗБАЕВА,
«AMANAT» партиясы Ескелді аудандық филиалының эксперті

ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР

Балабақша – базарлы үй,
Ауылдағы ажарлы үй.
Күлкісі бар шуақты
Өз үйіміз сияқты….

Иә, балабақша – балалық шақтың бақытты мекені іспетті. Алайда, бүгінгі күні ата – анадан кейінгі бала тәрбиесіне жауапты сол бір «бақытты мекеннің» иесі тәрбиешілер.

Мен де өз қызмет жолымды Ескелді ауданы, Ақын Сара ауылы «Балапан» балабақшасында тәрбиеші қызметінен бастадым. Сол уақыттан бастап баламен жұмыс жасаудың үлкен бақыт екенін түсіндім. Ал қазіргі таңда сол балабақшаның әдіскер – психологы болып қызмет жасаймын.

Қызығы мен жауапкершілігі мол бұл жұмысты бар ынтамен атқарамын. Педагогика саласында болып жатқан тың өзгерістерді әкелетін, білім үдерісіне енгізетін, жаңалық жаршысымын. Әдіскер - үйретуші, бағыттаушы, жаңалықты жеткізуші, шығармашыл тұлға. Әдіскердің бір бойында бірнеше қызмет бар. Бұл жұмыстың ерекшелігі үнемі ата-анармен, балалармен және педагогтармен байланыста болу, оларға бағыт –бағдар беріп, нәтижеге жету. Қазіргі заман талабына сай педагог үнемі үлкен ізденісте жүруі керек. Сонда ғана ол үлкен жетістікке жетіп, еңбегінің жемісін көреді. Осы ізденіс жолында әдіскер болып, оларға көмек көрсету мақсатында түрлі әдістемелік кеңестерді, семинарларды, педагогикалық оқуларды үнемі ұйымдастырып, қатыстырамын. Іс-тәжірибемен бөлісіп, интернет-конференция мен форумдарда, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» біліктілікті арттыру және Республикалық «Өрлеу» біліктілікті арттыру курстарына қатысып, білімдерін жетілдіріп, балабақшаның оқу тәрбие процестеріне ендіріпте үлгерді.

Әдіскер жұмысының нәтижелілігі оның қармағындағы педагогтар мен балалардың жетістігі. Мен үшін тәрбиешілердің әрбір жетістігі, әрбір аттаған қадамы биікке жетелейтін сатыны қалыптастырады. Ол сатының алғашқы баспалдағы – үлкен тәжірибе, үлкен өмір мектебінің бастауы екені мәлім. Тек биылғы оқу жылында біздің жеңіс қоржынымызда аудандық байқау «Мектепке дейінгі ұйымның үздік әдіскері» I орын -А.Т.Латаева, «Үздік бейнесабақ» байқауы II орын – М.Ж.Токтарбаева, «Заманауи сабақ – педагогтың кәсіби өсуінің көрсеткіші» тақырыбындағы аудандық үздік сабақтар байқауы III орын – А.Н.Атанова, «Шымырлық пен шеберлік» аудандық байқау III орын – А.Р.Жанаева жетістікке жетті.

Өнегелі ұстаз - өнерлі шәкірт. Шәкірт жеңісі - ұстаз жемісі. „Өрлеу“ республикалық педагогикалық шеберлікті дамыту орталығына тәрбиеленушілер қатысып, жүлделі орындарды иеленді және шәкірт дайындағаны үшін тәрбиешілер „Құрмет грамотасымен“ марапатталды.

Республика көлемінде тәрбиешілер мақала жариялап, іс-тәжірибелерін таратты.

Менің айтайын дегенім, әр әдіскер өз ісін тиянақты атқарып және жұмысына сүйсіне отырып, педагогтарына, балаларына үлкен махаббатпен қарап, оларға жүрегін арнаса алынбайтын қамал, асалмайтын белес болмас.

Сөз соңында әдіскерлік – ол бейімділік те, қызмет те, жай ғана мамандық та емес, ол жүрек қалауы, шығармашылық пен ізденіс көзі. Ескелді ауданы,

Айдана ЛАТАЕВА,
«Балапан» бөбекжай - бақшасының, әдіскері
Ақын Сара ауылы

ВНЕДРЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ РАЗРАБОТОК КАК СПОСОБ КАЧЕСТВЕННОГО ПРЕОБРАЗОВАНИЯ ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ В ШКОЛЕ

«Воспитание детей- рискованное дело, ибо в случае удачи последняя приобретена ценою большого труда и заботы, в случае же неудачи – горе несравнимо ни с каким другим» (Демокрит, III век до нашей эры)

XXI век дает заказ на выпускников, обладающих современным мышлением, т.е. способных ориентироваться в незнакомой ситуации, умеющих извлекать необходимую информацию в условиях ее обилия, усваивать ее в виде новых знаний и, самое важное, применять эти знания на практике. Также в век информатизации, когда один человек не в состоянии осмыслить весь поток информации, важно умение работать как самостоятельно, так и в команде. Чтобы осуществить принцип развития самостоятельности, требуются новые методы в деятельности учителя, классного руководителя. Необходимы такие методы, которые бы формировали активную, самостоятельную и инициативную позицию учащегося, развивали бы исследовательские и рефлексивные навыки, нацеливали бы на развитие познавательного интереса учащихся и реализовывали бы принцип связи обучения с жизнью.

Свою задачу коллектив нашей школы видит в том, чтобы каждый ученик почувствовал себя восходящей звездой. Бережные руки педагога помогут засиять таланту, поставят на крыло и отправят в полет. Но чтобы научить летать — надо самому быть крылатым. Чтобы зажечь сердца — надо самому гореть. Чтобы вести к вершинам успеха — надо самому не бояться высоты. Если в коллективе нет педагогов, которые проявляют интерес к сочинительству, спорту, туризму, если никто не интересуется театром и не испытывает удовольствия от совместной с детьми постановки спектакля, а после окончания уроков спешит уйти из школы, то в такой среде нет места инновациям. Только творческий учитель способен на инновационную деятельность. Такие учителя и классные руководители, педагоги дополнительного образования есть в нашей школе. Важнейшим качеством нового педагога становится неповторимый почерк, личная философская доктрина, стремление к самореализации. И в данном контексте сам учитель, воспитатель становится важнейшим инноватором.

В основе развития новой воспитательной системы лежат современные технологии: игровые, кейс – технологии, арт--технологии, шоу- технологии, диалоговые технологии (диспуты, дискуссии, дебаты), информационные технологии, исследовательская и проектная деятельность, тренинги общения и др.

Воспитательные функции в школе выполняются всеми педагогическими работниками, но главную роль в решении задач воспитания подрастающего поколения отводятся классному руководителю. Цель деятельности классного руководителя - это создание условий для самореализации и саморазвития личности обучающихся, его успешной самореализации в обществе.

Развитие и совершенствование воспитательной работы, использование и внедрение инновационных технологий было бы невозможным без серьёзной методической работы учителей. Проводились мастер- классы. семинары--совещания, семинары-консультации, обучающие-семинары, практикумы, которые направлены на повышение профессиональной компетентности и развитие творческой инициативы педагогов.

Сегодня все учителя школы владеют современными информационными технологиями, активно применяют весь спектр цифровых образовательных ресурсов на уроках и во внеурочной деятельности через организацию интерактивного тестирования, комментарии, представления презентаций, применения электронных учебников, создания видеороликов, челленджей, что позволяет сделать учебно-воспитательный процесс более эффективным, интересным, наглядным, современным, осуществлять личностно--ориентированный и компетентностный подход в обучении.

Нужно отметить, что старшеклассники продвинуты в компьютерном отношении- это помогает им снимать отличные ролики и делать качественные творческие работы. Это познавательные, позитивные, информативные, рекламные и мотивационные ролики. Например, видео контент «Персональная история успеха» об учителе с большой буквы Махамбетовой Розе Каирбековне, «Ветераны живут рядом» об учителе с многолетним стажем, почетном гражданине Ескельдинского района Раимбековой Серафиме Евгеньевне, и др.

Всё это способствует всестороннему развитию личности ребенка и его организации содержательного досуга, повышению уровня воспитанности учеников.

Достигнутая успешность инновационной деятельности в нашей школе зависит не только от активного использования ИКТ в образовательном процессе, но и от того, что в нашем коллективе царит творческая атмосфера и позитивный эмоциональный фон взаимодействия учителей, а также конструктивная совместная работа с учениками и их родителями.

В воспитательном процессе, как отмечалось выше, используем проектные и исследовательские методики, например, конкурс проектов- мультимедийных презентаций «Болашақты бірге тұрғызайық». При подготовке проектов формируется огромная база навыков и умений, которые необходимо будет принимать и во внешкольной жизни. Для создания работы учащимся необходимо найти источники информации, изучить их, систематизировать полученные данные и реализовать в сжатой форме. При этом подготовка проекта требует и творческого подхода. Выполненная работа сопровождается фото- или видеоматериалами, созданными непосредственно учеником.

Для поддержки творческих начал учащихся и формирования культуры здорового образа жизни организована работа кружков и секций: патриотические, художественные, музыкальные, туристско-краеведческие, спортивные, а также ЮИД.

В школе с целью формирования у обучающихся гражданской позиции, ответственности перед собой и обществом за свои поступки, развитие способности творчески и критически мыслить посредством анализа и публичного обсуждения актуальных ситуаций, наблюдающихся в стране открыли дебатный клуб «ЭЛИТА», в зависимости от языка созданы три лиги: казахская лига- руководитель учитель казахского языка Калиолданова А.С., русская лига-руководитель учитель русского языка Ким Т.П. и английская лига-руководитель учитель английского языка Бекдисинова Ж.П.

Этому предшествовала определенная работа: проводились обучающие коучинги «Как готовить учащихся к дебатам», мастер--классы, семинары-тренинги «Как овладеть ораторским искусством». В «копилке» Клуба немало проведенных турниров на актуальные темы: так, например, «Народные традиции: ЗА и ПРОТИВ»- «Проблемы гендерного равенства в современном Казахстане», «Дистанционное обучение: ЗА и ПРОТИВ», «Нужно ли читать художественную литературу?», «Можно ли искоренить коррупцию», «Казахские национальные ценности: что сохранить, а с чем безжалостно расстаться?» и т.д.

Дебатное движение «Ұшқыр ой алаңы» объединил талантливых, активных учеников, желающих совершенствовать свои навыки в искусстве публичных выступлений. Определились лидеры: Айнакулов Мирас, Буланбаев Еркебұлан, Турысбеков Рамазан, Нұржан Айзат, Жұмабай Шұғыла, Ерошенко Валерия, Скрипченко Валентина, Жасболатов Ислам – которые демонстрировали уверенность, находчивость, хорошую речь, содержательность, что позволило им обойти многочисленных соперников.

В школе работает клуб «Адал ұрпақ», основная цель которого антикоррупционное воспитание учащихся.

Так вот, для того, чтобы показать детям образ честного и неподкупного труда, который трудится на благо и процветание родного края, были организованы встречи с известными людьми нашего края, с представителями различных профессий и уроки-экскурсии на предприятия, где работают наши родители, с последующим обсуждением, поиска вопросов и ответов: пожарная часть, КАЗ почта, ОА КАЗАХТЕЛЕКОМ, сахарный завод села Балпык би Коксуского района. Такие экскурсии помогают детям любого

возраста увидеть, где работают родители, ориентировать детей в мире профессий.

Современные инновационные процессы в управлении школой не могут не касаться вопросов организации новых форм работы с родителями. Одним из вариантов организации такой работы является обеспечение родителей необходимой, полной, достоверной информацией о деятельности школы путем создания системы информирования, которая позволит родителям почувствовать, что они являются полноправными субъектами воспитательного процесса в школе. Эти документы представлены в электронном виде на сайте школы: учебный план, история школы, прием в школу, итоговая аттестация, расписание уроков, публикации о школе в СМИ, информации о проводимых воспитательных мероприятиях и т.д.

Проводятся общешкольные родительские конференции в онлайн формате «Вопросы и ответы», активно работают родительские чаты, куда имеем возможность распространять видеорекомендации «Как организовать досуг ребёнка», «Права и обязанности ребенка в семье»; видеоролики психологической поддержки «Духовное и моральное здоровье семьи», «Воспитание качеств семьянина у школьников»; видеоконсультации для родителей «Давайте слышать своих детей», «Как провести выходной день с ребенком» и др. Впервые проведен конкурс презентаций «Лучший родительский комитет класса 2022».

В школе успешно реализуется проект «Читающая школа», который потребовал от педагогического коллектива нестандартных и креативных подходов. Наша школа была инициатором акции «Прочитай 100 книг», марафона «Книга покоряет мир!» и акции «Читай всегда, читай везде!» На постоянной основе запускаются Видеовыставки книг с подробным обзором. Проводились онлайн познавательные перемены, интерактивные викторины, турниры знатоков «Кто много читает, тот много знает!», дебаты «Чтение- это развлечение? или Чтение- это размышление?», брейн- ринг «В кругу любимых книг» и библиотечные уроки, для умственной деятельности детям были предложены красочно оформленные мудреные Lepbooki. Организованы фотовыставки «Поймай ребенка за чтением», «Читать- это ЗДОРОВО!!!», «Фотография с любимой книгой» и «Читаем всей семьей» Это побудило учащихся записать и выложить Видеорекламы прочитанных книг, где они рассказывали сюжет, призывали прочитать ее и объясняли почему они рекомендуют именно эту книгу.

Об успешности использования инноваций говорят результаты работы школы. Ежегодно учащиеся нашей школы становятся победителями областных, районных олимпиад и конкурсов. Неоднократно исследовательские работы наших детей становились победителями конкурсов на различных уровнях. Но мы не собираемся останавливаться на достигнутом, а будем двигаться вперед- к новым вершинам. Главное, чтобы детям в школе было комфортно, интересно и познавательно!!!

А это значит, что школа достигает важнейшую цель - «формирование социально-адаптированной личности, способной к продолжению образования и самореализации».

Жанета РАИМБЕКОВА,
заместитель директора
по воспитательной работе
Карабулакской средней школы

ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім берудің жаңа Стандартын басшылыққа ала отырып, МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНЫ: әдістемелік нұсқау хат; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде құрастырылған перспективалық жоспар; апталық циклограмма; балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау үшін индикаторлар жүйесі арқылы оқу қызметі жүргізіледі.

Педагогикалық жұмыстың деңгейін көтеру барысында педагогикалық кеңестер, әдістемелік кеңестер, семинарлар, іскерлік ойындар, дөңгелек үстелдер, жүргізіледі. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау үшін индикаторлар жүйесі арқылы ұйымдастырылған іс әрекеттері жүргізіледі, бағытталған 5 бағыт бойынша жұмыс жүргізіледі. Сонымен қатар жоспар бойынша, тәрбиеші педагогтар өзара іс-тәжірибе алмасу мақсатында, ашық ұйымдастырылған іс әрекеттер өткізіледі.

Жылдық жоспардың міндеттерін орындау барысында 5 педагогикалық кеңестер белгіленіп өтіледі. Балабақшаның әдістемелік кеңесі тәжірибелі педагогтардың іс – тәжірибесін оқып – білуге, таратуға көп көңіл бөледі. Әрбір педагогтың жеке портфолиосы бар, онда оқу – тәрбие жұмысы үрдісінде жеткен жетістіктері тіркеледі, өткізген ашық ұйымдастырылған іс әрекеттер, мерекелік іс – шаралардың жоспарлары өңделіп жинақталған. Балабақшада педагог мамандар, өз білімін жетілдіруде облыстық мұғалімдер білімін көтеру институтынан өз біліктілігін көтеру және қайта даярлау курстарынан жоспарлы түрде өтуде.

Балабақша тәрбиешілерінің әдістемелік жұмыстары республикалық, облыс, аудан көлеміндегі кітаптарға, журналдарға іс-тәжірибелері шығуда. Мысалы: Республикалық педагогикалық журнал «Тәрбиеші», Республикалық педагогикалық журнал «Дарынды оқушы».

Зульфия ВАЛЕЕВА,
Әдіскер
«Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы

БАЛАБАҚША – БІЛІМ БАСПАЛДАҒЫ

«Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпыұлттық міндеті міз»

Деген мемлекет басшысы Қ Тоқаев биылғы жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Бұл көптің қуанышын еселеді. Бүгінде мемлекет қолдауымен балабақшалар саны артуда. Десек те саны артуымен бірге сапа да талап етілетіні шындық. Бүгінгі әңгімеміз осындай талап үдерісінен табылып, келешек ұрпақтың тәрбиелі болып өсуіне қызмет етіп келе жатқан – «ҚАРЛЫҒАШ» балабақшасы жайында болмақ.

Қазақ халқының нағыз азаматын тәрбиелеп өсіру негіздерін қалыптастыратын тұңғыш мектеп – балабақша. Ол баланың екінші үйі. Мұндағы тәрбие мен білім балалардың табиғи мінезін, қабілетін ерте жастан дамытады. Бала – болашағымыз, бала – қуанышымыз. Ендеше мектепке дейінгі үздіксіз тәрбиемен, біліммен қамту әрбір тәрбиеші, ұстаздың басты мақсаттарының бірі болуы тиіс. Балабақша – келешек ел басқарар, жер суына иелік етер, ел халқын гүлдентер, мерейін өсіріп, мәртебесін биіктетер жасампаз жандарды шыңдап,өмірдің ең басты сатысын қалайтын киелі ұя. Онда ұрпақты еңбекке, өнер-білімге, елінің ар-намысын қорғауға және ізгі адамгершілік ниеттерге баулиды. Осындай мақсатпен 2007 жылы іске қосылған «Қарлығаш» балабақшасында бүгінде 90-нан астам бүлдіршін тәрбиеленуде. Осы жылдар ішінде шыңдалып, мол тәжірибе жинақтаған 27 маман балаларға тынбай тәлім--тәрбие беріп келеді.

Гүлшат Рамазанова басшылық жасайтын мектепке дейінгі білім ордасы барлық қажеттілікпен толық қамтылған. Әр баланың бейіміне қарай түрлі іс-шаралар да жиі өтеді. Соның бір көрінісі 27 мамыр күні өткен «Қош бол балабақша» атты мерекелік кеш. «Балбөбек» тобының тәрбиешісі Жанар Мырзақұлова мен Назым Медетбекова шәкірттері сахна төріне шығып, үйренген өнер білімін ортаға салды.

- Тілі былдырлап енді ғана шыға бастаған бүлдіршінді тәрбиелеу, жаңа өмірдің жаңалығымен таныстыру тәрбиешіге жүктелген міндет. Яғни олардың бойына білімнің ең ағашқы дәнін егу үлкен жауапкершілікті, білім мен біліктілікті қажет етеді.

«Балбөбек» тобындағы 24 баланың бойындағы талантты танып, дұрыс арнаға түсіруге тырыстым. Енді міне, сол бүлдіршіндер түстерді ажыратып, санақ санауға қабілетті. Менің бүлдіршіндеріммектепке дайын – деді Ж. Мырзақұлова.

Кеш соңында балабақша меңгерушісі Гүлшат Рамазанова бітіруші топтың бүлдіршіндерін марапаттап, алғыс хат табыстады.

Э.А.МАЖИБАЕВА,
Тәрбиеші, «Қарлығаш» балалар бақшасы

ТҰМАУ – ЖІТІ РЕСПИРАТОРЛЫҚ ВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯ

Тұмау – бұл жіті респираторлық вирустық инфекциялар (бұдан әрі – ЖРВИ) тобына кіретін тұмау вирусы тудыратын жіті ауру. Қазақстанда жыл сайын эпидемиологиялық кезеңде ЖРВИ-мен және тұмаумен 800 мыңнан 1 миллионға дейін адам ауырады. Өткен жылы Ескелді ауданында эпидемиологиялық кезеңде 5538 адам ЖРВИ-мен ауырды.

Тұмаумен ауыратындардың саны артқан сайын, тұмаудың асқынуы да өршиді, бұл – заңдылық. Бұдан кейін вирус ешқайда кетпейді. Сырқаттанушылықтың маусымдық артуының себебі бола отырып, адамдар арасындағы циркуляциясы жалғаса береді.

Қысқы айлардағы сырқаттанушылық шегі адамдардың, әсіресе балалардың, жұмыс орындарында, мектептерде, балабақшаларда және қоғамдық көлікте тығыз байланыста және өте белсенді болуымен түсіндіріледі.

Тұмау вирусы ауадағы белсенділігін төрт сағатқа дейін сақтайды. Вирустар төмен температураны «жақсы көреді» – плюс 4°С-ге жуық температура (тұрмыстық тоңазытқыштағы жағдай) оңтайлы болып табылады. Осымен қатар, олардың көбюіне ыңғайлы температура – бұл адам денесінің температурасы.

Сілекей мен қақырық тамшыларында болатын тұмау вирусы, осы тамшылар төсек--орында, жұмыс үстелінде, т.б. кепкен соң және оларға сіңгеннен кейін белсенділігін екі аптаға жуық, ал бөлме шаңында бес аптаға дейін сақтайды!

Барлық дезинфекциялаушы құралдар тұмау вирусын тез жояды және осы құралдарды қолданып, стандартты ылғалды тазалау – үй-жайларды зарарсыздандырудың тиімді тәсілі. Бөлмелерді жиі желдетіп тұруды да ұмытпаған жөн.

Тұмау вирусы адам ағзасының иммунитетін төмендетеді. Инкубациялық кезең бірнеше сағаттан бастап 2-3 күнге дейін созылады. Тұмаудың жеңіл түрімен ауыру ұзақтығы – бір апта. Дене қызуының 40 градусқа дейін көтерілуі, қалтырау, әлсіздік, көз қарығу, буынның және бұлшық еттің, бастың және тамақтың ауыруы, жөтелу, мұрынның бітелуі аурудың негізгі белгілері болып табылады. Тұмаудың асқынуларына құлақ, тамақ, мұрын аурулары, жүйке жүйесіне байланысты асқынулар, сондай-ақ созылмалы аурулардың: жүрек-қан-тамырлық, өкпе, бронх тарапынан, қант диабеті және эндокриндік жүйенің басқа да ауруларының өршуі жатады.

2 жасқа дейінгі балаларда, созылмалы аурулары бар және жасы үлкен адамдарда тұмау ауыр түрде өтеді. Сондай-ақ, ерекше қауіптілік тобына жүкті әйелдер де жатады. ЖРВИ және тұмау жүкті әйелдердің иммунды жүйесін де, эндокриндік жүйесін де бұзуы мүмкін. Тұмаудың жүкті әйелдерге қауіптілігі – түсік тастауы немесе мерзімінен бұрын босанып қалуында. Сонымен қатар, шала туудың жиіленуін көрсететін нақты мәліметтер бар.

Өкінішке қарай, жағдайы нашарлаған дер кезінде емдеу мекемесіне келмеген науқастарға қалыпты жағдайда жиі қолданылатын жекелеген препараттар көмектеспеуі де мүмкін. Сондықтан өз бетінше емделуге болмайды. Балалар мен жүкті әйелдерді емдеу тек дәрігердің тағайындауы бойынша және дәрігердің бақылауымен жүргізілуі керек. Тұмаудың алғашқы белгілері байқалысымен дәрігерді үйге шақыру жөн.

Кез келген ауруды емдегеннен гөрі, оның алдын алған дұрыс. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) сырқаттанушылықты, асқынуларды және өлім-жітімді айтарлықтай азайтатын, халықты тұмаудан қорғайтын жалғыз және тиімді іс-шара ретінде тұмауға қарсы вакцинациялауды ұсынды. Тұмауға қарсы егілгендерде инфекция жеңіл өтеді, асқынулар мен өлім-жітім жиілігі азаяды. Сонымен, егілген пациенттер арасында егілмегендермен салыстырғанда, бронхиальды астмамен, жіті орташа отитпен ауру 3 есеге дейін сирек байқалды.

Егілгендер арасында вакцинадан кейінгі асқынулар байқалмады.

Ағымдағы жылы ауданда тұмауға қарсы 2022 жылғы 3 қазан айынан жаппай вакцинация басталады. Вакциналардың ДДҰ сертификаты бар және Қазақстанда тіркелген.

Тұмаудан сақтану үшін ЖРВИ және тұмаумен сырқаттанушылар көбейген кезде халық көп жиналған орындарда болмауға, салқын тигізіп алмауға тырысу қажет және ауа райына сәйкес киіну керек.

Сол сияқты, таза ауада серуендер алдында немесе көшеге шығар кезде мұрныңызға оксалин майын жағып алсаңыз тұмау немесе басқа ЖРВИ вирустарының тыныс жолдарына енуі күрт төмендейді.

Е.СЕЙСЕМБИНОВ,
Ескелді ауданы бойынша
СЭББ басшысы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Сыбайлас жемқорлық – әлеуметтік проблемалардың бірі болып табылады. Бұл моральдық және құқықтық бағалау тақырыбына айналды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиеден тез нәтижеге жету қиын, сондықтан оны мектеп жасына дейінгі кезден бастау керек. Біз балаларға заңсыз әрекеттердің не екенін жеткізіп, оларды неліктен жасауға болмайтынын түсіндіруіміз керек.

Тәрбие жұмысы кезінде балалардың жасына және жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық іс-әрекеттер ұйымдастыру қажет.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын қалыптастыру үшін олардың әлеуметтік, адамгершілік қасиеттерін, дербестігі мен жауапкершілігін дамыту қажет.

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудың бір түрі — ойын әрекеті болып табылады. Сюжеттік-рөлдік ойындар барысында педагогтарға балаларды заңдылық пен құқықтық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етуге арналған мамандықтармен таныстырады. Сюжеттік-рөлдік ойындар мен театрландырылған қойылымдарды ұйымдастыру тәрбиеленушілерде «адалдық», «парасаттылық», «шыншылдық» ұғымдары және әртүрлі адамдармен қарым-қатынас, қазіргі этикет, мінез-құлық мәдениеті ұғымдары бойынша түсініктер қалыптастырылады.

Балалардың бойында этикалық ұғымдарды қалыптастыру үшін педагогтар қазақстандық жазушылар мен ақындардың көркем туындыларын, халық ауыз әдебиеті туындылары: Ы.Алтынсариннің «Мақтақыз бен мысық», «Әке мен ұл», «Қырғауыл пен торғай», «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш»ертегісі балаларды ауызбірлікке, адалдыққа тәрбиелейді, әңгімелері мен ертегілерін пайдалана алады.

Мектепке дейінгі педагогика әдістерін және көркем әдебиет мысалдарын қолдану мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің адамгершілік ұғымдарын қалыптастыруға ықпал етеді. Қорыта келгенде, бұл өскелең ұрпақтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімінің негізі болып табылады.

Сонымен, мектеп жасына дейінгі балалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын қалыптастырудың тиімділігі, адамгершілік тәрбиенің жалпы жүйесі аясында келесі жағдайларды ескеруіміз керек:

-балаларға мінез-құлық нормалары мен ережелерінің, адамгершілік мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін тәрбиенің әртүрлі құралдары мен әдістерін қолдану;

– балалар арасында адамгершілік сезімдер мен сыйластық қатынастардың көрінісін ынталандыратын атмосфера құру;

— педагогтар мен ата-аналардың тәрбиелік күш-жігерінің сабақтастығын қамтамасыз ету.

Балалардың өзіне деген сенімділігін, өзін-өзі құрметтеуін және басқаларды құрметтей білуге тәрбиелеуіміз керек. Әрбір бала өз құқықтарын, міндеттерін білуі керек, сонда олар өздеріне қажетті жағдайда оңай жұмыс істей алатын болып өседі.

Э.М.ЖУНУСПАЕВА,
Комплеанс офицер
«Қарлығаш» балалар бақшасы

ТЕРРОРИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР

2022 жылдың күні «Қарлығаш» балалар бақшасының ұжымдарының арасында терроризмнің алдын алу жұмыстары жүргізіліп, алдын алу іс-әрекеттері түсіндіріліп, жадынама таратылды.

Терроризмнің алдын алу маңызды мәселе болып табылады. Терроризм туралы білумен қатар, оның кез келген уақытта орын алатыны белгілі. Терроризмнің алдын алу бойынша жұмыстар жүргізудің мақсаты: жеке адамды, қоғамды және де мемлекетті терроризмнен қорғау болып табылады. Террористік тұрғыдан осал объектілерге: сауда алаңы, қоғамдық орындар, концерт залдары, спорт, ойын-сауық, көлік және өзге де ғимараттар, білім беру ұйымдары, денсаулық сақтау және туристерді орналастыру орындары т.с.с. жатады. Бүгінгі күні елімізде халықтың терроризмге қарсы сауаттарын жақсарту туралы іс-шаралар жүргізіліп жатыр. Терроризмнің түрлерінің бірі - білім беру мекемелерін басып алу. Сондықтан, білім беру мекемелерінде үнемі терроризмнің алдын алу жұмыстарын жүргізу қажет. Терроризмнің алдын алу жұмыстарына ең алдымен білім беру мекемелерінің қорғанысы кіреді. Ол үшін мектеп, балабақша және т.б. мекемелердің ғимаратының ішінде және аумағында қауіпсіздікті қамтамасыз ету керек. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін техникалық жабдықтаулар өте маңызды. Мысалы: терезелерге торлар орнату, сапалы темір есіктер орнату, күзет дабылы, бейнебақылау камераларын орнату, қауіп дабылын орнату және т.б. Техникалық жабдықтардан басқа қауіпсіздік техникасын да әзірлеу қажет. Атап айтсақ, өртке қарсы жүйелердің болуы.

- Терроризмге қарсы комиссия құру. Комиссия мүшелерінің міндеттеріне мыналар кіреді:
- Аумақты күнделікті аралап, жарылғыш заттар қоюға болатын барлық орындарды, қоймаларды және шаруашылық бөлмелерін тексеру.
- Жұмысшылар құрамына мұқият іріктеу жүргізу.
- Әр кеш сайын терезелердің, есіктердің, қорғаныс торларының бүтін екенін тексеру, аумақты тексеру.
- Террористік шабуыл болған кезде өзін - өзі ұстау қағидаларын түсіндіру, іс - шаралар өткізу.

Терроризм актінің қаупі туындаған жағдайда сабыр сақтау қажет. Полицияға террористік актінің қаупі туралы хабар беру керек.

Мына номерлерге хабарласқан кезде міндетті түрде өзіңіздің аты - жөніңізді атаңыз және оқиғаның барлық мән - жайын айтып беріңіз.

Егер ғимаратта терроризм актісі орын алса:

Еденге жатып, басыңызды бүркеңіз. Терезелерге, шкафтар мен сөрелерге жақындамаңыз.

Жүгірмеңіз, сабыр сақтау керек. Есік ойығына, көтергіш қабырғаға жақын болыңыз.

Эвакуация туралы ақпарат келген жағдайда:

Сабыр сақтау қажет. Жүгірмей, әбігерсіз балаларды ғимараттан шығару керек. Бөгеліп қалған адамдарға көмектесу маңызды. Шыққан адамдарды түгендеу керек.

Адамдарды кепілге алған жағдайда:

Айғайламаңыз, дүрбелеңге бой алдырмау керек. Барынша сабырлық сақтаңыз. Өзіңіз келіссөз жүргізбеңіз. Жаныңыздағы адамдарды сабырға шақырып, көмек көрсету керек. Мүмкін болса, полицияға хабарлау қажет.

Н.Р.МЕДЕТБЕКОВА,
Тәрбиеші
«Қарлығаш» балалар бақшасы

ПРОФИЛАКТИКА ТОКСОПЛАЗМОЗА!

Токсоплазмоз- это широко распространенное заболевание людей и животных с различными клиническими проявлениями: от здорового бессимптомного носительства до тяжелых форм болезни. Заболевание проявляется в двух клинико--эпидемиологических формах – приобретенной и врожденной.

Токсоплазма – простейшее, внутриклеточный паразит. **Она неустойчива к воздействию термических и химических факторов:** нагревания, раствора хлорамина, 50ºС спирта и др. Возбудитель сохраняется во внешней среде 1,5 – 2 года.

Источник инфекции – домашние кошки, промежуточные хозяева: собаки и сельскохозяйственные животные, в том числе и человек.

Основные пути передачи: пищевой, водный и бытовой. **Основной фактор передачи** - сырое или недостаточно термически обработанное мясо (мясной фарш) с находящимися в нем цистами токсоплазм. Наиболее чаще их содержат баранина и свинина. Фактором передачи может быть также плохо вымытая зелень, овощи, фрукты (с земли), грязные руки. Заражение может происходить трансплацентарно - от матери к плоду во время беременности, возможна передача при переливании крови, пересадке органов. Скрытый период длится в среднем до 2 недель, но иногда может затягиваться до нескольких месяцев. Свежая приобретенная инфекция протекает с лихорадкой, ознобом, болями в мышцах и резкой утомляемостью. Хроническая приобретенная инфекция встречается чаще, чем острая и протекает в виде функциональных расстройств и аллергических реакций. Наблюдается длительная температурная реакция, у женщин в этой стадии бывают специфические заболевания гениталий. Поражения глаз проявляются хориоретинитом, увеитом, прогрессирующей близорукостью. У половины больных отмечается увеличенная печень. У женщин происходит нарушение менструального цикла, у мужчин - развивается импотенция. Наиболее частым проявлением как острого, так и хронического токсоплазмоза является лимфаденопатия. Возможно развитие токсоплазменного энцефалита. Врожденный токсоплазмоз: при заражении матери в I триместре беременности тяжело протекающий врожденный токсоплазмоз может развиваться у 15-25% детей, в тяжелых вариантах ее течения в этом периоде могут быть спонтанные аборты, мертворождения, гидроцефалия и др.; в III триместре инфицированными оказываются 50-65% новорожденных, но инфекция протекает малосимптомно. Если женщина инфицируется до беременности (за 6 месяцев), внутриутробного инфицирования не наступает. Если заражение наступает незадолго до беременности, риск развития врожденного токсоплазмоза очень мал.

Женщина способна передать токсоплазменную инфекцию плоду только один раз в жизни - в первые три месяца беременности. Никогда при повторной беременности женщина не передавала плоду токсоплазмоз, если она раньше была инфицирована.

При острой форме врожденного токсоплазмоза у новорожденного отмечается высокая лихорадка, экзантема, увеличение лимфатических узлов, поражение печени и селезенки, нередко желтуха. Возможны тяжелые поражения ЦНС в виде энцефалита. Могут развиваться хориоретинит, кальцификаты в головном мозге, гидроцефалия, снижение интеллекта, судорожный эпилептиформный синдром.

Хроническая форма врожденного токсоплазмоза может развиваться несколько лет и проявиться в виде олигофрении, хориоретинита, эписиндрома.

Клинические проявления инфекции отмечаются у ослабленных лиц,а также у лиц с явлениями приобретенного или врожденного иммунодефицита.

Лабораторная диагностика. Для подтверждения диагноза или его исключения необходимы лабораторные исследования с токсоплазменным диагностикумом.

Профилактика:

- исключить из пищи сырое и недоваренное мясо;
- исключить дегустацию сырого мясного фарша;
- мыть руки после контакта с сырым мясом;
- мыть руки после контакта с почвой на огороде, в саду и т.п.;
- чисто мыть овощи, зелень и фрукты (с земли);
- не содержать в доме кошку или удостовериться у ветеринарного врача об отсутствии у нее ооцист токсоплазмы в фекалиях;
- не кормить кошку сырым мясом и субпродуктами;
- ежедневно очищать и дезинфицировать кипятком туалет кошки, соблюдать при этом все меры предосторожности (использовать перчатки).

Е.СЕЙСЕМБИНОВ,
руководитель
Ескельдинского районного
УСЭК

КЕЛЕШЕКТІҢ ТҰТҚАСЫ - БІЛІМДІ ҰРПАҚТА

Білімнің бастауы, қайнар көзі – мектеп болса, келешек ұрпақтың алғашқы баспалдағы – балабақша қабырғасында алған білім екені баршамызға аян. Біздің мақсат – көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр азаматтар тәрбиелеу. Ұлттың бүгіні де, болашағы да тәрбиелі әрі білімді ұрпаққа байланысты. Сондықтан, дамудың ең биік көкжиегінен көрінгісі келетін кез-келген мемлекет ең алдымен балаларға бар күш-жігерін салу керек.

Биылғы жыл - Балалар жылы.

Мен балабақша тәрбиешісі ретінде тәуелсіз еліміздің жас ұрпағын жаңа қоғамға лайықты етіп тәрбиелеу, балалардың дүниетанымын, көзқарасын, ақыл-ойын қалыптастырып, бар күш-жігерін Отанына жұмсауға үйрету, туған тілі мен мәдениетін қадірлеуге баулуды басты міндет етіп келемін. Яғни, баланы оқытып, білім беріп қана қоймай, оларды ғылымға тәрбиелеуді, қызығушылығын арттыруды балабақшадан бастау деп түсіндім. Біздің «Балбобек» балабақшасында «Балалар жылы» аясында біршама іс-шаралар жүргізілді.

Балалардың логикалық ойлау қабілетін дамытатын түрлі ашық сабақтар мен спорттық ойындар өткіздік.

Бала тәрбиесі қай кезеңде болсын қоғамнан тыс қалған емес. Ал тәрбиені мол етіп беретін «Қазақ әдебиеті» туралы айтпасқа болмас. Балалар әдебиеті – балалар өмірінің энциклопедиясы. Осыған орай, балабақша тәрбиешілерімен бірлесіп, тақпақ оқу және сурет байқауларын ұйымдастырдық.

Білімділік – ол қоғамның зиялы, мәдени, даналық деңгейінің көрінісі. Ал білім беру ісі – бұл тамыры тереңде жатқан, ұлт пен дінге бөлінбейтін, бір күн немесе бір жылда көрінбейтін құндылық, адамзатқа ортақ игілік.

Зарина НҰРМЫХАНОВА,
Абай ауылы, «Балбобек»
балабақшасының тәрбиешісі

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН БЖЗҚ-ДАН ЖАҢАЛЫҚТАР

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры халық арасында зейнетақы жүйесіне қатысты барлық мәселелер бойынша салымшыларды хабардар ете отырып, белсенді түсіндіру жұмыстарын жүргізуді жалғастырып келеді.

Сонымен 2022 жылдың 29 қыркүйегінде БЖЗҚ онлайн форматта «ЕАЭО-ға қатысушы елдердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісім. Міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттер – жұмыс берушілер үшін Қордың электрондық сервистерін дамыту» тақырыбында кезекті Ашық есік күнін өткізді.

Мақсатты аудитория: заңды тұлғалардың, оның ішінде шағын және орта бизнестің өкілдері.

Іс-шараның мақсаты:

-ҚР зейнетақы жүйесімен таныстыру;

-ЕАЭО-ға қатысушы елдерде зейнетақымен қамсыздандыру туралы Қазақстан Республикасы халқының хабардарлығын арттыру және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

-қатысушыларды «Заңды тұлғаның кабинеті» сервисінің қосымша функцияларымен және мүмкіндіктерімен таныстыру.

Іс-шараны өткізу кезінде ұйымдастырушылар ЕАЭО елдерінде қызметін жүзеге асыратын еңбек мигранттарының зейнетақы құқықтары қалай іске асырылатыны жөнінде, еңбекшілердің өздері, сол сияқты олардың жұмыс берушілері нені білу және не істеу керектігі жөнінде толық айтып берді. Сондай-ақ қатысушылар сайтта «Заңды тұлғаның кабинеті» бөлімінде қандай жаңа функциялар пайда болғаны және мұның жеке кәсіпкерлер үшін неліктен маңызды екені туралы хабардар болды.

Бұдан бөлек, өңірлік бөлімшелердің жауапты қызметкерлері қатысушылардың сұрақтарына жауап беріп, іс-шара қатысушыларына жеке кеңестер берді.

Онлайн-кездесу орта және шағын бизнес бөлігінде жұмыс берушілердің, сондай-ақ салымшылар мен алушылардың үлкен қызығушылығына ие болды.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Жалпы мемлекеттік қызмет көрсету деген не? Ондай қызметті қайдан? қалай? алуға болады деген сұрақтар туындау мүмкін. Бәлкім қазіргі таңда бұны білмейтін адам жоқ шығар.

Мемлекеттік қызмет бұл азаматтардың мемлекеттік органдар мен оның аппараттарындағы кәсіптік қызметі. Яғни біз өзіміз білетін жеке куәлік, тұрғылықты мекен жай туралы анықтама, туу туралы куәлік және сол сияқты басқада құжаттарды алу мемлекеттік қызметке жатады. Әрине айта берсек ондай құжаттардың түр--түрі бар.

Көп адамдар, әсіресе интернет қолданушылары оның адамзаттың ең үлкен жетістігі екендігімен келісері анық. Ол қалтқысыз ақпарат көзі болуымен қатар, адамдарға қажет біліммен сусындауға, қиуы келмес мәселелердің шешімін табуға көмектеседі. Әлемдік тордың жан--жақты, білімді, көзқарасымыз кең болып, көптеген қызықты дүниелерді үйренуімізге әсері мол. Қызіргі таңда тіпті ауруханаға бару үшінде, тіпті мемлекеттік қызмет көрсету орталығына кезектіде интернет желісі арқылы алуға болады.

Сонымен қатар, үкімет тарапынан да берілетін мемлекеттік қызметтерді үйде отырып ақ алуға мүмкіндіктер жасалып жатқаны мәлім. Көптеген мемлекеттік қызметтерді www.egov.kz мемлекеттік қызметтер порталын қолдану арқылы алуға болады. Электрондық өтінішті кез-келген уақытта, мереке немесе демалыс күндері, Интернет желісіне шығу мүмкіндігі бар планшет немесе ұялы телефон арқылы беруге болады. Қызметті үйден шықпай алуға болады. Мемлекеттік қызметтер порталы арқылы электрондық өтінішті және қажетті құжаттар тізімін жіберу жеткілікті. Сіз тек қана өзіңіздің өтінішіңіздің орындалу барысын қадағалайсыз. Электрондық нұсқада мемлекеттік қызметті алу үшін ЭЦҚ (электрондық-цифрлық қол) алу қажет. Электрондық нұсқада мемлекеттік қызметті алу маңыздылығы уақыт шығынын кеміту, мемлекеттік органның иелігіндегі құжаттарды ұсынуды қолайлы уақытта шығару, Интернет желісі арқылы мемлекеттік қызметті кез-келген жерден алу және де мемлекеттік қызметті ұсыну барысы туралы ақпаратты алу және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету мүмкіндігі.

Соңғы кездерде білім ошақтарына кезекке тұру, не болмаса тіркелу де электронды нұсқада https://kezek.e--zhetysu.kz/ сайты арқылы жүргізіледі. Балаңызды кезекке қойып, кезегінің жылжу бағытын да қадағалап отыруға мүмкіндік бар.

Кезекке қою барысын білмеймін не болмаса бұл сайтпен жұмыс жасай алмаймын дегендерге тіпті сайтта кішігірім видео ролик түсіндірмесі бар. Демек мемлекеттік қызметтердің қандай түрін алғыңыз келседе керек сайттан, интернет желісінен барлығын табуға болады екен.

Ауылдық жерлерде жергілікті әкімшіліктен не болмаса мемлекттік ұйымдарда «Мемлекеттік қызмет көрсету бұрышы» орналасқан. Ауыл тұрғындары үшін бұл өте қолайлы, себебі көп жерде интернет желісі жұмыс жасамайды, көп тұрғындарда интернет қосылмаған болуы мүмкін. Сондай кезде әр тұрғын «Мемлекеттік қызмет көрсету бұрышы» бар мемлекеттік ұйымнан көмек сұрай алады, не болмаса өзі сол бұрышты қолдана алады.

Мемлекеттік қызметті алудың тағы бір түрі ол мобильді қосымша.

Бұл қосымшаны Google Play немесе AppStore арқылы ұялы телефонға көшіріп қолдана беруге болады. Тіркелу барысында телефон нөмірін енгізіп, берілген шарттарды орындау арқылы кіруге болады.

А.С.ҚАСЫМ,
Музыка жетекшісі
«Қарлығаш» балалар бақшасы

УЛЫ ГАЗДАН АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

Улы газ – өнімдерінен шығатын ең улы компоненттердің бірі. Иіс тию адамның қиын жағдайға әкелуі мүмкін, кейде өлімге әкеліп соқтырады. Улы газдың иісі де, түсі де, дәмі де жоқ, ал ол жану процесі бар барлық жерде, тіпті пеште пайда болады. Өкінішке орай, оның құрбандары көбінесе адамдар болады.

Әдетте, түн шықтырғыш газбен улану ақаулы жұмыс пешпен жылыту нәтижесінде, өрт ошағында адам болған кезде, қозғалтқышы қосылған жабық автомобильде басталады.

Тыныс алу кезінде ағзаға түсу, ол окпеден қан жүйесіне өтеді, онда гемоглобинмен қосылады. Нәтижесінде қан оттегі тасымалдау және жеткізу қабілетін жоғалтады және дене өте тез оның жетіспеушілігін бастан бастайды.Бірінші кезекте ми зардап шегеді, бірақ зақымдану мүмкін басқа да ағзалар – жалпы денсаулық жағдайына байланысты.

Есіңізде болсын!

Улы газ қауіпті, ол тез және байқаусыз әрекет етеді, сондықтан өмір мен денсаулық қабылданған шаралардың жылдамдығына байланысты, Өзіңізді және жақындарыңызды қорғаңыз!

М. ЕЛЕУСИЗОВ,
Ескелді ауданы ТЖБ бас маманы
азаматтық қорғау капитаны

ПРОФИЛАКТИКА ПРАВОНАРУШЕНИЙ

С целью выявления укрытых фактов военнослужащими Талдыкорганского и Уштобинского гарнизонов привлечения их к административной ответственности за совершение административных правонарушений, сотрудниками отделения административной практики Отдела военной полиции Талдыкорганского гарнизона ежеквартально проводится сверка с Комитетом по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

По результатам сверки и проведенного анализа Отделом военной полиции Талдыкорганского гарнизона в адрес командования воинских частей направляются представления по устранению обстоятельств, способствующих совершению преступлений и правонарушений, и других нарушений закона (в порядке ст.8 п.12 Закона РК «Об органах военной полиции), по результатам рассмотрения представления принимаются меры воздействия в отношении лиц допустивших административные правонарушения предусмотренных законодательством.

В случае установления военнослужащих, систематически допускающих административные правонарушения, последние включаются в группу лиц, склонных к совершению правонарушений. С указанной категорией лиц систематически проводятся профилактические мероприятия, включающие в себя индивидуальные беседы, разъяснение административного законодательства.

В целях профилактики совершения административных правонарушений, совместно с командованием воинских частей организовываются и проводятся мероприятия с привлечением специалистов органов прокуратуры, МВД, здравоохранения.

Ю.Ю.СКОРЫХ,
Начальник отделения
административной практики Отдела военной
полиции Талдыкорганского гарнизона
подполковник юстиции.

ОСТОРОЖНО, ПОЖАРООПАСНЫЙ ПЕРИОД!

В летний период в условиях устойчивой сухой, жаркой и ветреной погоды, ежегодно отмечается увеличение количества пожаров, погибших и травмированных при пожарах людей. Как правило, в этот период происходит несанкционированное сжигание сухой травы, мусора.

В целях недопущения трагедии следует обратить особое внимание на соблюдение следующих требований пожарной безопасности:

- не бросайте не затушенные окурки и спички в траву;
- не разводите костры вблизи зданий и сооружений, а также в лесопарковых зонах;
- не оставляйте брошенными на улице бутылки, битые стекла, которые превращаясь на солнце в линзу, концентрирует солнечные лучи до спонтанного возгорания находящейся под ней травы;
- не пользуйтесь мангалами и другими приспособлениями для приготовления пищи;
- не оставляйте промасленный или пропитанный бензином, керосином и иными горючими веществами обтирочный материал;
- не пользуйтесь пиротехническими изделиями;
- строго пресекайте шалость детей с огнем.

Уважаемые жители Ескельдинского района помните, что неумелое обращение с огнем приводит к человеческим жертвам и материальному ущербу.

М. ЕЛЕУСИЗОВ,
Главный специалист
ОЧС Ескелдинского района,
капитан гражданской защиты

БАЛАЛАРДЫҢ ӨМІРІН САҚТАЙЫҚ

Балалар – біздің болашағымыз. Бірақта, біздер сол балаларымыздың өмірі қызықты әрі бақытты болып, олар қайғылы жағдайға тап болмауын ылғи ойлаймыз ба.

Өкінішке орай, бұл жайды барлық ересек адамдар естеріне сақтамайды. Балалардың отпен ойыны – қайғылы жағдайға әкеліп соғатынын әр ата-ана ұмытпағаны абзал. Оттың зардаптары мемелекетке, әрі азаматтардың жеке дүние-мүлкіне да өз залалын тигізеді. Ал отпен ойнағандар қайғылы қазаға да ұшырайды.

Мұндай жағдайлар қалай болады? Көпшілігінде ересек адамдар кінәлі. Өз бетінше үйде бақылаусыз қалған балалар тиым салынған ойындармен ойнап сіріңкені ермек етеді. Отпен ойын адамға қайғы әкелетіні олардың есіне де кірмейді. Мұндай жағдайлар ата-аналары электр құралдарын, жанып жатқан пешті бақылаусыз қалдырып, сіріңкені балалардың қолы жетпейтін жерге жасырып кетпегендіктен болады.

Мынандай жәйіттер де кездеседі. Кейбір ата-аналар баланың отқа қызығушылығын көре тұрса да, баланың көз алдында сіріңкені тұтатып, баланың ойнауына еркіндік береді. Әрине, бұл баланы қызықтырып, жанған от есінде ұзақ сақталады. Бір қарағанда ештеңе жоқ сияқты көрінгенмен бала бойында отпен ойнау дағдысы қалыптасады.

Бала отпен ойнауға болмайтынын түсінуі үшін, оған осы жайлы ылғи есіне салып отыру керек. Отпен ойнаған баланың тентектігі жайлы кітапты оқып берген де орынды.

Жас ұрпақтың денсаулығына қамқорлық мемлекет пен мектептің ғана еншісіне тимейді. Бұл біздің қоғамның, әр жанұйя мүшесінің құрметті борышы.

Есіңізде болсын, балалардың отпен ойнауына қарсы күрес бұл өртпен ғана күрес емес. Бұл ең алдымен біздің балаларымыздың бақытты, қуанышты, шат өмірі үшін күрес.

Қ. ӘШІМОВ,
Ескелді ауданы ТЖБ инженері

ГАЗДЫ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Табиғи газ тұрмыста пайдалану үшін өте ыңғайлы. Оның арқасында біз ас үйде тамақ дайындап, тұрғын үй-жайларды жылытып, үйде ыстық су ала аламыз. Газ отынның басқа түрлерімен салыстырғанда өте үнемді. Алайда, табиғи газ өзіне мұқият және жауапты қарауды талап етеді. Газ қайғылы салдарларға әкеп соқтырмас үшін, газ жабдықтарына қамқорлық жасау және тұрмыста газды қауіпсіз пайдалану ережелерін сақтау қажет. Көгілдір отын тұрғын үйлерге екі тәсілмен беріледі: газ магистральдары бойынша немесе әртүрлі сыйымдылықтағы газ баллондарында.

ГАЗ БАЛЛОНДАРЫН ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Газ баллондары-тұрғын үйі орталықтандырылған газбен жабдықтау шегінен тыс тұрған кез келген саяжай иесінің немесе үйдің ажырамас атрибуты. Газ баллондарын тұрмыста қолдану артықшылықтары мен кейбір кемшіліктері бар. Мысалы, баллонды тасымалдауға және ауыстыруға болады, ал газ құйылған баллонды бірнеше жыл сақтауға болады. Бірақ сонымен қатар, газ-баллонды жабдықты қосу және пайдалану кезіндегі қателіктер өрт және жарылыс қауіптілігінің жоғарылауына әкеп соқтыратынын ұмытпау керек. Температураның күрт көтерілуі немесе өрт кезінде металл баллоны жарылуы мүмкін, ол жарылыс аймағында болған адамдардың өмірі мен денсаулығына айтарлықтай зиян келтіреді. Баллондар газ өткізе алады, ал пропан-бутан қоспасы жоғары концентрацияда адамдардың улануына және өліміне әкелуі мүмкін. Бұл баллон тұрғын аймақта болған жағдайда мүмкін болады. Күрт бұрылу қаупі. Қысымның секіруіне байланысты жалынның күрт шығуы мүмкін, оның нәтижесінде газ жабдығы зақымдануы мүмкін. Газбаллонды жабдықты пайдалану нормалары мен ережелерін орындау кезінде оларды пайдаланудан болатын тәуекелдер барынша азайтылады. Газды тұтынумен байланысты жабдық жарамды болуы тиіс. 5 жылда бір реттен кем емес баллондарды техникалық куәландыруды жүргізген жөн. Баллонды қосу немесе ауыстыру кезінде барлық қосылыстардың герметикалығын сабынды ерітіндінің көмегімен тексеру керек. Газ таңбасы болмаған жағдайда, ақаулы шұрасы бар тотты іздері бар баллондарды пайдалануға болмайды. Баллонды тікелей күн сәулесі мен жауын-шашыннан қорғайтын арнайы желдетілетін шкафта сақтау керек. Шкафтан терезеге немесе есікке дейінгі қашықтық кемінде 1 м болуы тиіс. Сондай-ақ жылу көздеріне дейінгі қашықтық (жылыту радиаторлары, электр жылытқыштары және т.б.) кемінде 1 м болуы тиіс. Баллондарды жертөледе сақтауға немесе жерге көмуге тыйым салынады. Жұмыс жағдайында баллонды тік күйде табу керек. Баллонды ауыстыра отырып, өрт көздерінің жоқтығына көз жеткізу керек. Жоғарыда баяндалған баллон газын қауіпсіз пайдалану ережелерін ешқашан елемеңіз, өйткені тіпті аз ғана бұзушылық өмірге қауіп төндіруі мүмкін. Газ-баллонды жабдықты газдың ағып кетуіне бақылау қажет. Газдың ағып кетуін сабын көбігімен көзбен анықтауға болады. Жиі ағып кету шлангтың жалғанған жерлерінде орын алады.

Орталықтандырылған газбен жабдықтау, өз сипаттамалары бойынша үйлер мен пәтерлерге көгілдір отын берудің қауіпсіз түрі. Бірақ бұл жағдайда да белгілі бір ережелерді сақтау қажет. Тек жарамды газ жабдығын пайдаланыңыз. Егер ол қызғылт сары болса, жалынның түсін қадағалаңыз – демек, құрылғы ақаулы болса, газовиктерді шақыру керек. Жұмыс істеп тұрған Газ плиталары мен су жылытқыштарды қараусыз қалдырмаңыз, жалынның үрленуіне немесе сұйықтықпен құйылуына жол бермеңіз. Өз іс-әрекеттеріңізді бақыламайтын кішкентай балаларды, адамдарды газ жабдықтарын пайдалануға жібермеңіз. Есіңізде болсын! Газ жануы үшін тұрақты ауа ағыны қажет. Газ плитасын (су жылытқышты) жағғанда, терезе әрқашан ашық болуы керек! Газ беру кенеттен тоқтатылған жағдайда газ аспаптарының жанарғыларының крандарын дереу жабыңыз және 104 телефоны бойынша авариялық газ қызметіне хабарлаңыз. Түтін және желдету каналдарында тартқыштың болмауы газдың жану өнімдерімен улануға әкелуі мүмкін. Тұрмыста газды қауіпсіз пайдалану үшін ережелерді білу ғана емес, сондай-ақ пайдаланылатын газ жабдығының жарамдылығы да маңызды рөл атқарады. Қайғылы жағдай болмау үшін пәтерішілік және үйішілік газ жабдығына мерзімді техникалық қызмет көрсету қажет. Ол үшін газ құралдарының әрбір меншік иесі мамандандырылған ұйыммен техникалық қызмет көрсетуге шарт жасасуға міндетті. Егер сіз бөлмедегі газдың иісін сезсеңіз, газ аспаптарын пайдалануды дереу тоқтатыңыз. Аспаптарда және аспаптар алдында крандарды жабыңыз. Бөлмені желдету үшін терезелер мен терезелерді ашыңыз. Ашық отты тұтамаңыз, темекі тартпаңыз, электр жарығы мен электр құралдарын қоспаңыз және өшірмеңіз, электр қоңырауларын қолданбаңыз. Авариялық қызметті газдалмаған бөлмеден “104“ телефоны арқылы шақырыңыз. Тұрмыста газды пайдалану ережелерін бұзу газ жарылысына, пәтерде өртке, үйдің қирауына және адам өліміне әкелуі мүмкін! Ойланыңыз, өйткені сіздің дұрыс іс-әрекеттеріңізге тек сіздің өміріңіз ғана емес, сондай-ақ жақындарыңыздың, сондай-ақ көршілеріңіздің өмірі де байланысты .

Қ. ӘШІМОВ,
Ескелді ауданының ТЖБ инженері

IV ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНДА ҚАЗАҚ СПОРТШЫЛАРЫ 9 МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ - 3 АЛТЫН, 4 КҮМІС ЖӘНЕ 2 ҚОЛА

Жарыс алғаш рет Түркияда өтті, оған әлемнің 102 мемлекетінен 3 мыңнан астам спортшы 13 спорт түрінен қатысты. Қазақ спортшылары спорттың 5 түрінен (қазақ күресі, көкпар, көкбөрі, жамбы ату, садақ ату) өнер көрсетті. ҚР Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев Facebook парақшасында спортшыларымыздың жетістіктерін атап өтіп, оларды құттықтады.

Сонымен, Қазақ күресі бойынша біздің құрама қоржынында 6 медаль бар: Марат Нығматуллаев 60 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде жеңімпаз атанды. Сондай-ақ, 65 келіге дейінгі салмақ дәрежесіндегі алтынды Зарина Сарипова жеңіп алды. Еламан Қойшыбаев (80кг) пен Рауза Нұрмұхамметова (55 кг) күміс, ал «Қазақстан Барысы» Мақсат Исағабылов (+80 кг) пен Мөлдір Азамат (+65 кг) қола жүлдегер атанды.

Қасымхан Қанат дәстүрлі садақ атудан финалда өнер көрсетті, онда 32 елден 95 спортшы бақ сынады. Ол өзінің қарсыласы Оғыз Окшадан 2 ұпай айырмашылығымен жеңіліп, күміс жүлдеге ие болды.

Көкбөріге Қазақстан, Қырғызстан, Түркия командалары қатысты. Түркия командасы өз қалауы бойынша үшінші орынға келісім беріп, ақтық сынға қазақ-қырғыз құрамалары өтті. Ақтық сында Қазақстан – Қырғызстан командаларының ойыны 0-5 есебімен аяқталып, спортшыларымыз күміс жүлдеге қол жеткізді.

Қазақстан құрамасы көкпардан чемпион атанып, Қырғызстан командасын 4:3 есебімен жеңді. Финалға жету жолында қазақстандықтар Өзбекстан мен Моңғолия спортшыларын 8:1 және 12:2 есебімен ойсырата жеңген болатын.

Министр Дәурен Абаев өзінің Facebook парақшасында көкпар тұңғыш рет көшпенділер ойындарының бағдарламасына енгенін және бұл жеңіс бірегей тарихи оқиға екенін атап өтті.

ҚР МСМ Баспасөз қызметі

«ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ» МАРАФОНЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

«Ұлы Дала Жорығы» республикалық бәйге марафонына қатысушы шабандоздар елордадан Түркістанға дейінгі 1200 шақырымды артқа тастап, мәреге жетті. Жеңімпаз командаларды Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев құттықтап, марапаттады.

Соңғы меже – Түркістан қаласына дейін ең қысқа уақыт ішінде жеткен Маңғыстау командасы бас жүлде – «Ұлы дала сарбазы» атағы мен 24 000 000 теңге көлеміндегі жүлдемен марапатталды. Жетісу облысы командасы 2-ші орын үшін 12 000 000 теңге, ал 3-ші орын иегері Түркістан облысы командасы 9 000 000 теңге жүлдені қанжығаға байлады. Мәреге 4 болып келген Жамбыл облысы командасы 6 000 000 теңге көлеміндегі сыйлықпен марапатталды. Сонымен бірге, жарыстан шығып қалған, бірақ жорықты өз еркімен жалғастырған бірнеше облыс құрамасынан келген 13 шабандоз 1 миллион теңге қаржылай сыйлығымен марапатталды.

Түркістанға жеңіске жеткен шабандоздарды арнайы күтіп алған Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев төл құндылықты түгендеп, ұлттық келбетті оятқан бірегей жоба келешекте де жалғасуы қажет екенін жеткізді.

«Баршамыз Ұлы даланы дүбірге *бөлеген, 1 200 шақырымды бағындырған айтулы аламанның қорытынды сәтін тамашалап тұрмыз! Бұл – бұрын-соңды болмаған марафон-бәйге. Отандық спортымыз үшін де, төл руханиятымыз үшін де теңдессіз тарихи оқиға. Кеше ғана Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Түркістанға жасаған іссапарында «Ұлы дала жорығы» бәйгесінің мән-маңызына ерекше тоқталды. Мемлекет басшысы ұлт жадын жаңғыртуда мұндай аламандардың айрықша қажет екенін баса айтты. Сондықтан бұл бәйгені кешегі батыр бабаларымыздың жорық жолын жаңғыртқан, елдің рухын оятқан жоба болды деуге толық негіз бар»*, – деді Дәурен Абаев.

Марафон-бәйгені Мәдениет және спорт министрлігі, «AMANAT» партиясы, «The Great Steppe Tour» қоғамдық қоры мен Ұлттық спорт қауымдастығы ұйымдастырды.

Ұлттық спорт қауымдастығы президентінің кеңесшісі Әлібек Әлденей бәйге-марафонды ұйымдастыруға қолдау көрсеткен Мәдениет және спорт министрлігі мен Amanat партиясына алғыс білдірді.

«Ұлттық спорт қауымдастығы бұл шараны әу бастан қолға алды, жанжақты қолдау білдірді. Қауымдастық президенті Исламбек Төлеубайұлы Салжанов қазір Түркияда өтіп жатқан көшпенділер ойынына қатысуда. Ол барша Түркістан жұртшылығына осы шараны қолдағаны үшін ризашылығын білдіріп, ыстық сәлемін жеткізуді тапсырды. Осынау әлемде теңдесі жоқ бәйге-марафон отандық және халықаралық ат спорты саласында жаңа сайыс форматын енгізуге негіз болады деп сенеміз. Марафонды келешекте халықаралық деңгейде ұйымдастырып, Халықаралық ат спорты федерациясы (FEI) өткізетін жарыстар қатарына қосу жоспарланып отыр», – деді Ә.Әлденей.

Айта кетелік, 18-29 қыркүйек аралығында марафоншылар елордадан Түркістан қаласына дейін 1200 шақырымнан аса қашықтықты басып өтті. **Марафон 100 шақырымдық 12 сатыға бөлінген. Еліміздің әрбір өңірінен марафонға 1 командадан қатысты. Марафонға қатысушыларға Ұлы Дала рухын сезінуге және киелі жерлеріміз – Жошы хан, Алаша хан кесенелері, сондай-ақ Қазақ хандығының алғашқы астанасы Созақ қаласы пен түркі руханиятының бесігі Түркістан қаласы сияқты тарихи орындарға зиярат жасауға мүмкіндік туды.**

Оказание регулярных бесплатных услуг по принципу «ОДНОГО ОКНА»

На основании социального заказа ГУ «Отдел внутренней политики,культуры,развития языков и спорта Ескельдинского района» «МОО» академия искусств «Yerkin» с 5 сентября по 24 ноября проводит мероприятие «Оказание регулярных бесплатных услуг по принципу «одного окна».

Данное мероприятие организовано в здании районного центра занятости, где рассматриваются различные вопросы граждан. Специалисты МОО «Академия искусств «Yerkin», центра поддержки инвалидов «Тең қоғам» и других отраслей рассмотрели вопросы жителей района, в том числе граждан с инвалидностью по пути решения различных вопросов и дали соответствующие ответы, консультации. Все чаще поднимаются вопросы оказания юридических, психологических, а также социальных услуг гражданам с инвалидностью, участия в различных грантах со стороны участников. В этой связи, в рамках национального проекта по развитию предпринимательства на 2021-2025 годы были разъяснены механизмы участия в безвозмездном гранте до 400 МРП, 5 миллионов тенге.

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ!

Уважаемые жители сел Карабулак, Өркусак, Бақтыбай, Елтай, Өтенай, Қайнарлы, Тенлік, Көкжазык, Теректі, М. Баисов, Шымыр, Ешкіөлмес ГКП на ПХВ «Ескелді су құбыры» акимата Ескельдинского района объявляет, что оплату за потребленную воду и отвод сточных вод можно производить через отделения АОФ АО «Казпочта» Ескельдинского РУПС или через приложения KASPI и HOMEBANK.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

Открылось наследственное дело на имя гражданина Элиубаева Шатырхана, умершего 29 сентября 2022 года. Наследников просим обратиться к нотариусу с.Карабулак, р.т.: 3-00-99.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Түрлі хабарландыруларды «Жетісу шұғалысы» газетіміздің беттерінде тегін және ақылы негізде жариялауға қабылдаймыз. Анықтама телефоны: 3 - 04 - 75, +7 747 428 70 29

УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

Принимаем различные объявления для публикации на страницах нашей газеты «Жетісу шұғалысы» на бесплатной и платной основе. Справки по тел.: 3 - 04 - 75, +7 747 428 70 29

ЕГЕР СІЗ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ БОЛҒЫҢЫЗ КЕЛСЕ, «BASTAU» МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ МЕКТЕБІНЕ ТҮСІҢІЗ!

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Жетісу Қазақстан облысы бойынша департаменті талантты жастарды мемлекеттік қызметке тарту, кадр қорын қалыптастыру мақсатында облысымыздаың ЖОО түлектері үшін «Bastau» мемлекеттік қызмет мектебінің жобасы іске қосылғанын жариялайды!

Мектепті аяқтағаннан кейін сіз мемлекеттік қызметтің не екенін, мемлекеттік органдар қалай жұмыс істейтінін, мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптар мен шектеулер туралы білесіз.

Сізге мемлекеттік басқару туралы теориялық білім ғана емес, сонымен қатар облыстың мемлекеттік органдарында тәжірибеден өтіп, өзін мемлекеттік қызметші ретінде сезінуге мүмкіндігі беріледі.

Дәрістер ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Жетісу облысы бойынша филиалының ғимаратында, Талдықорған қаласы, Ақсу көшесі, 2А мекен-жайы бойынша өтеді, аталған ғимарат сапалы және тиімді сабақтарды өткізу үшін барлық қажеттіліктермен жабдықталған.

«Bastau» мектебінің оқытушылар құрамы Академия филиалының үздік оқытушылары мен лекторларынан тұрады.

Сонымен қатар, тәжірибе алмасу үшін «Bastau» мемлекеттік қызмет мектебіне жұмыс істеп жүрген мемлекеттік қызметшілер, облыстың мемлекеттік органдарының басшылары тартылады.

Естеріңізге сала кетейік, оқыту ақысыз, негізгі сабақтардан үзіліссіз өтеді!

Үміткерлерге қойылатын талаптар:

1. Жетісу облысының жоғары оқу орындары мен орта арнаулы оқу орындарының соңғы курс студенті болу.
2. Мемлекеттік қызметші болуға ынта білдіру!

Өтінімдер **2022 жылғы 10 қазан айына** дейін қабылданады.

Қосымша ақпаратты: 8 7282 241050, 241153 телефондары арқылы алуға болады.

ЕСЛИ ВЫ ХОТИТЕ СТАТЬ ГОСУДАРСТВЕННЫМ СЛУЖАЩИМ, ПОСТУПАЙТЕ В ШКОЛУ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ «BASTAU»!

Департамент Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы по области Жетісу объявляет о запуске проекта Школы государственной службы «Бастау» для выпускников высших учебных заведений нашей области с целью привлечения талантливой молодежи на государственную службу!

Пройдя Школу Вы закончите её уже зная, что такое гос.служба, как работают гос.органы, зная о требованиях и ограничениях предъявляемых гос.служащим.

Вам дадут не только теоретические знания о государственном управлении, но и представиться возможность пройти практику в гос.органах области, почувствовать себя гос.служащим.

Занятия будут проводиться в здании филиала Академии государственного управления при Президенте РК по области Жетісу, по адресу: г.Талдыкорган, ул.Аксуская 2А, который оборудован всем необходимым для проведения качественных и эффективных занятий.

Преподавательский состав школы «Bastau» состоит из лучших преподавателей и лекторов филиала Академии.

Более того, в школу для обмена опытом привлекаются, действующие государственные служащие, практики - руководители государственных органов области.

Обучение будет проходить на бесплатной основе, без отрыва от занятий!

Требования для претендентов:

1. Быть студентом последнего курса ВУЗов и ССУЗов области.
2. Желание стать государственным служащим!

Приём заявок проводится **до 10 октября 2022 года**.

Дополнительную информацию можно получить по телефону: 8 7282 241050, 241153.

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА.
Директордың телефоны 3-04-75
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген.
Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Дәуір» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: 050044, Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 2000
Тираж 2000
Тапсырыс 1075
Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции.
Компьютерная верстка Е.ТКАЧЕНКО.